



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Денсаулық сақтау бойынша ақпараттандыру

**МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУТЕ АРНАЛҒАН ҰҒЫМДАР ЖҮЙЕСІ**

КР СТ ISO 13940

(ISO 13940:2015 - Health informatics — System of concepts to support continuity of care, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сактауды дамытудың Үлттүк ғылыми орталығы» шаруашылық журнізу күкінгіндегі респубикалық мемлекеттік кәсіпорны ӘЗІРЛЕП ЕҢГІЗІЛДІ.

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 359 бұйрығымен **БЕКІТІЛП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 13940:2015 Health informatics – System of concepts to support continuity of care (Денсаулық сактауды ақпараттандыру – Үздіксіз медициналық көмек көрсетуді камтамасыз ететін ұғымдар жүйесі – 1-бөлім: Негізгі ұғымдар) халықаралық стандартпен бірдей.

Халықаралық стандартты ISO/TC 215 «Денсаулық сактауды ақпараттандыру» техникалық комитеті әзірледі.» Ағылшын (en) тілінен аударылған.

Осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген негізгі халықаралық стандарттардың ресми даналары Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінде бар.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

Осы стандарт стандарттың сілтемелік халықаралық, өнірлік стандарттарға, шет мемлекет стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер берілген қосымшамен толыктырылған.

Осы стандарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттарындағы және қабылданатын халықаралық стандарттағы терминологиялық балтарды салыстыру туралы ақиарат келтірілген қосымшамен толыктырылған.

4 АЛГАШ РЕТ ЕҢГІЗІЛГЕН

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басын шыгарылатын «Стандарттау жөннідегі құжаттар» каталогында, ал өзгерістер мен мағнін ай сайын басын шыгарылатын стандарттардың ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда, шілді хабарлама мерзімді басын шыгарылатын стандарттың ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толыктай немесе болшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	VI	
1	Kіріспе	11
2	Қолдану саласы	11
2	Нормативтік сілтемелер	12
3	Терминдер мен анықтамалар	12
	3.1 Медициналық көмек.....	12
	3.2 Ұғымдар мен терминдер	12
	3.3 Субъектілер	12
	3.4 Ресурстар	13
	3.5 Менеджмент	15
	3.6 Процесті басқару.....	16
	3.7 Уақыт	17
	3.8 Жаупкершілік	17
	3.9 Акпаратты басқару	18
4	Белгіленулер мен қысқарған сөздер	19
5	Пациенттермен байланысты ұғымдар	19
	5.1 Жалпы ұғымдар	19
	5.2 Денсаулық сақтау жүйесіне катысушы	21
	5.2.1 Пациент	24
	5.2.2 Жақын туысы	26
	5.2.3 Медициналық қызметтерді жеткізуші	27
	5.2.4 Медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап	35
6	Денсаулық сақтау мәселесімен байланысты ұғымдар	40
	6.1 Жалпы ұғымдар	40
	6.2 Денсаулық сақтау мәселесі	41
	6.3 Денсаулық мәселесі.....	43
	6.4 Денсаулық мәртебесі	45
	6.4.1 Пациенттің қазіргі жай-күйі	46
	6.4.2 Әлеуетті денсаулық мәртебесі	49
	6.5 Денсаулық жағдайы.....	57
	6.5.1 Денсаулық жағдайының бастапқы деректері	59
	6.5.2 Денсаулық жағдайының нәтижесі	59
	6.5.3 Медициналық көмекке қажеттілігі	60
	6.6 Денсаулық мәселелерінің тізбегі.....	61
	6.6.1 Клиникалық процеске қызығушылық	64
	6.6.2 Аурулар тізбесі	65
	6.6.3 Денсаулық мәртебесін дамыту	65
7	Iс-әрекетпен байланысты ұғымдар.....	66
	7.1 Жалпы ұғымдар	66
	7.2 Медициналық қызмет	68
	7.2.1 Медициналық қызметті жеткізушінің қызметі	70
	7.2.2 Денсаулық сақтау саласындағы іс-шаралар анықтамасы	72
	7.2.3 Өзін-өзі күту қызметі	73
	7.2.4 Нұсқаулықпен өзін-өзі күту	74
	7.2.5 Денсаулық сақтау саласына жәрдемдесуге бағытталған қызмет	75
	7.2.6 Медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптардың үйғарылған қызметі	77
	7.2.7 Медициналық қызметтің элементі.....	77
	7.2.8 Автоматтандырылған денсаулық сақтау	89
	7.2.9 Медициналық ресурстары	90

7.2.10 Медициналық қаражаттар	94
8 Процеспен байланысты ұғымдар.....	95
8.1 Жалпы ұғымдар	95
8.2 Медициналық процесс	95
8.2.1 Клиникалық процесс	97
8.2.2 Медициналық көмек сапасын басқару	99
8.2.3 Денсаулық сақтаудағы әкімшілік	100
8.2.4 Қолайсыз оқиға.....	100
8.2.5 Қолайсыз оқигаларды басқару	101
8.2.6 Медициналық қызмет	102
8.2.7 Медициналық қызметтер анықтамасы	103
9 Медициналық жоспарлаудан байланысты ұғымдар	104
9.1 Жалпы ұғымдар	104
9.2 Медициналық көмек көрсету жоспары	106
9.2.1 Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары	109
9.2.2 Көп бейінді медициналық көмек көрсету жоспары	109
9.2.3 Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары.....	110
9.2.4 Клиникалық нұсқаулық	111
9.2.5 Денсаулық сақтау мақсаты	115
9.2.6 Денсаулық сақтау міндеттері	116
9.2.7 Медициналық қызметтер кешені	117
9.2.8 Қажетті медициналық қызмет	118
10 Уақытпен байланысты ұғымдар	119
10.1 Жалпы ұғымдар	119
10.2 Медициналық көмек көрсету кезеңі	120
10.2.1 Медициналық көмек көрсетуге өкілеттілікті ұсыну кезеңі.....	122
10.2.2 Медициналық қызмет кезеңі	124
10.2.3 Медициналық қызметті кешіктіру	131
10.2.4 Клиникалық процестің эпизоды	135
10.2.5 Денсаулық мәртебесінің кезеңі.....	136
10.2.6 Медициналық көмек көрсету эпизоды	137
11 Міндеттемелермен байланысты ұғымдар	141
11.1 Жалпы ұғымдар	141
11.2 Медициналық өкілеттілік	142
11.2.1 Талаптарға өкілеттілік	144
11.2.2 Медициналық көмек көрсету кезеңіне арналған үйгарым	145
11.2.3 Медициналық қызметке өкілеттілік	147
11.2.4 Үздіксіздікті қамтамасыз ету өкілеттігі	148
11.2.5 Жеке деректерді беруге өкілеттілік	149
11.2.6 Хабардар етілген ерікті келісім	150
11.2.7 Келіспеу	151
11.2.8 Келісуге құқықтық қабілеттілігі	152
11.2.9 Занмен белгіленген рұқсат	153
11.2.10 Медициналық міндеттеме	154
11.2.11 Пациенттің өтініші	155
11.3 Медициналық көмек көрсетуге талаптар	156
11.3.1 Бастаның байланысқа қойылатын талаптар	158
11.3.2 Жолдама	159
11.3.3 Сұрау салу	160
11.3.4 Медициналық көмек көрсетуге талаптар себебі	161
12 Ақпаратты басқарумен байланысты ұғымдар	162

12.1	Жалпы ұғымдар	162
12.2	Денсаулық паспорты	164
12.2.1	Медицина қызметкерінің жазбасы	165
12.2.2	Жеке медициналық деректер.....	166
12.2.3	Медициналық жазбаның элементі	167
12.2.4	Электрондық денсаулық паспортының элементі	115
12.3	Жалпы деректер қоймасы	170
12.4	Медициналық ақпараттың жиынтық қоймасы	171
12.5	Денсаулық паспортынан үзінді көшірме	172
12.5.1	Электрондық денсаулық паспортынан үзінді көшірме	173
12.5.2	Пациенттің электрондық денсаулық паспортынан қысқаша үзінді көшірме	174
12.5.3	Медициналық күжаттама.....	175
12.5.4	Медициналық міндеттер.....	181
12.5.5	Медициналық ақпараттың сұрату	183
12.6	Денсаулық жағдайы туралы анықтама	183
13	Сәйкестік	185
	А-қосымшасы (акпараттық) Осы халықаралық стандарттағы нормативтік ұғымдарға арналған негіз	186
	Б-қосымшасы (акпараттық) Стандарттың сілтемелік халықаралық, өнірлік стандарттарға, шет мемлекет стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер	202
	В-қосымшасы (акпараттық) Ұлттық стандарттау жүйесінде және қабылданған халықаралық стандартта қолданылатын терминологиялық мақалаларды салыстыру	203
	Библиография	206

Kіріспе

0.1 Жалпы ұғымдар

Осы стандарттың мақсаты үздіксіз медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін қажетті жалпы ұғымдарды анықтаудан тұрады. Үздіксіз медициналық көмек көрсету сапалы және қауіпсіз медициналық көмектің маңызды аспекті болып табылады, ал семантикалық үйлесімділігі үздіксіз медициналық көмек көрсету үшін негізгі талап болып табылады. Үздіксіз медициналық көмек көрсету үшін қажетті ұғымдар медициналық қызметтердің мазмұны сияқты, байланысын да көрсетуі керек.

Денсаулық сақтау саласындағы және клиникалық процестердегі қызмет медициналық көмекті қамтамасыз етеді. Мұндай процестер пациент пен медицина қызметкерлерінің арасындағы өзара әрекеттесуді көрсетеді. Клиникалық процесс пациентке бағытталған үздіксіздікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, үздіксіз медициналық көмек көрсетуді білдіретін ұғымдарды аяқтау үшін ресурстарды басқару, өндеу және әкімшілендіру үшін бірқатар негізгі алғышарттар қажет.

Осы стандартта анықталған үздіксіз медициналық көмек көрсету ұғымдарының жүйесі клиникалық процеске негізделген. Ақпараттық жүйелердегі үздіксіз медициналық көмектің сипаттамасы және ресми рәсімдеу ұлттық, мәдени және кәсіби кедергілерді жену үшін жалпы тұжырымдамалық негізді белгілеу үшін тиісті ұғымдар мен сипаттамалық терминдерді анықтауды білдіреді.

0.2 Осы стандарттың мақсаттары

Осы стандарттың жалпы мақсаты медициналық қызметтердің мазмұны мен контекстіне арналған жан-жақты тұжырымдамалық негізді құрудан тұрады. Осы стандарт денсаулық сақтау ұйымдарындағы барлық деңгейдегі өзара іс-қимыл үшін және денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелерді дамыту үшін негіз болуға тиіс.

Ұғымдар денсаулық сақтау саласында үздіксіз медициналық көмек көрсетуді қолдайды, оның негізгі мақсаты білімді бақылау және басқару үшін екінші рет пайдалану сияқты басқа мақсаттар үшін медициналық ақпаратты пайдалануға мүмкіндік беретін клиникалық процестер болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы қызметтің негізгі бағыты пациенттер мен медицина қызметкерлерінің арасындағы өзара іс-қимыл болып табылады. Мұндай өзара іс-қимыл денсаулық сақтау мен клиникалық процестерде болады және осы стандарттың процестік тәсілінің негіздемесі болып табылады. Осы стандарт клиникалық перспективаға негізделген және үздіксіз медициналық көмек көрсетуге қол жеткізу үшін негізгі ұғым ретінде клиникалық процеске бағытталған.

Үздіксіз медициналық көмек көрсетуді қолдау үшін стандарт сондай-ақ денсаулық сақтаудың клиникалық, басқарушылық және ресурстық аспектілері үшін ұғымдар мен тұжырымдамалық қатынастардың жан-жақты анықтамаларын енгізуге бағытталған.

Осы стандарт іс жүзінде денсаулық сақтаудағы ақпаратқа қойылатын талаптарды анықтау кезінде пайдалануға арналған. Бұл,

- халықаралық, ұлттық немесе жергілікті деңгейде өзара іс-кимыл үшін жалпы негіздер ретінде корпоративтік модельдерді,
- ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ
- клиникалық процестердің белгілі бір түрлері үшін құрылымдық ақпарат әзірлеу кезінде спецификацияның барлық деңгейін қамтитын болады.

0.3 Денсаулық ұғымы туралы

Бұл стандарт Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) 1948 жылғы денсаулық туралы декларациясына негізделген: «... аурудың немесе қауқарсыздықтың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатының жағдайы». 1986 жылы ДДҰ жоғарыда аталған анықтамаға: «өмірдің мақсаты емес, құнделікті өмірге арналған ресурс» және «денсаулық - бұл әлеуметтік және жеке ресурстарды, сондай-ақ физикалық мүмкіндіктерді атап көрсететін оң ұғым» деген екі түзету енгізді.

ДДҰ-ның тіршілік әрекеті мен денсаулығының қызмет етуінің, шектелуінің Халықаралық сыныптамасында (КХС) денсаулық ұғымы неғұрлым нақты жіктеледі. КХС теориялық модель тиісінше денсаулық компоненттерін; ағзаның функцияларын, дene құрылымын, белсенділік пен қатысады, жеке және экологиялық факторларды анықтайды. Осы стандарт денсаулық туралы декларацияға негізделген КХС денсаулық моделін қолданады.

Осы стандартта «денсаулық» сөзі аталған стандарттың шенберінде қандай да бір ұғымды білдіретін оқшауланған термин ретінде қолданылмайды. «Денсаулық» сөзі бірнеше терминдерде префикс ретінде қолданылады. Бұл префиксің мағынасы, терминмен ұсынылған ұғым пациенттің жағдайына немесе денсаулық мәртебесіне, көбінесе клиникалық немесе медициналық процеске қатысты болады.

0.4 Денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек

Денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмектің маңсаты денсаулыққа әсер ету, сондай-ақ ДДҰ ұғымында қалпына келтіру және қолдау болып табылады. КХС моделінде көрсетілген денсаулықтың бес компонентінің кез-келгеніне әсер етуі мүмкін барлық қызмет түрлері осындай көмектің бір бөлігі бола алады. Денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек саласындағы қызметтің арасында айқын қайталану бар. Бұл стандарт әлеуметтік көмекті қамтымайтын (көптеген мәдениеттерде) денсаулықт сақтау бөліміне бағытталған. Пациенттің рөлі денсаулық сақтауға қатысты анықталады, әрі таңдалған терминдер осы секторға жатады. Алайда, бұл ұғымдардың көпшілігі әлеуметтік көмек секторы үшін маңызды және денсаулық сақтаудың әртүрлі салаларындағы ынтымақтастық аясында бұл стандарт сондай-ақ әлеуметтік көмек үшін де қолданылуы керек.

0.5 Аталған стандарттың болжамды пайдаланушылары

Денсаулық сақтаудағы өзара іс-қимыл мәселелеріне мүдделі барлық қатысушылар осы денсаулықты ақпараттандыру стандартының болжамды пайдаланушылары болып табылады. Ол мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: тікелей медициналық көмек көрсететін мамандар мен топтар, денсаулық сақтаудың қаржылық ұйымдары, менеджерлер, пациенттер және медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін топтар.

Бұл ұғымдар жүйесі медициналық ақпараттың барлық жүйелеріне, сондай-ақ денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін әзірлеу және пайдалану үшін маңызды. Ол сондай-ақ ұйымдастырушылық шешімдер қабылдау үшін негіз ретінде және ақпараттық жүйелерді пайдаланумен байланысты емес әзірлемелерде бизнесті талдау-үшін қолданылуы мүмкін.


0.6 Осы ұғымдар жүйесінің құрылымы

Үздіксіз медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін ұғымдар процестің барлық негізгі аспектілерінен қажет:

- * Медициналық/клиникалық процестер
- * Басқару
- * Қолдау

Бұл ұғымдар денсаулық сақтаудың клиникалық перспективасына негізделген, олар медициналық/клиникалық процестер болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы жұмыстың барлық басқа бағыттары медициналық/клиникалық процестермен байланысты және өзара әрекеттеседі. Осылайша, денсаулық сақтауды басқару аспектілері процестерді басқару салаларында анықталады және сол сияқты, ресурстарды қолдау салалары сәйкесінше қолдау процестерінің нәтижелері ретінде

анықталады. Медициналық/клиникалық процеспен байланысқан салалары бар бұл архитектура 1-суретте сипатталған.



1-сурет – Ұғымдар архитектурасы

0.7 Ұғымдарды сипаттау және көрсету

Осы стандартта ұғымдар жекелеген тармақтарға топтастырылған. Ұғымдарды құрылымдау үшін қамтуды қажет ететін кәсіпорын/ақпарат салаларының арасындағы өзара байланыс қолданылады. Ұғымдардың әрқайсысы жүйелі түрде анықталған және сипатталған, ал олардың қатынасы UML-моделінде көрсетілген.

5-12 тармақтарда ұсынылған барлық ұғымдар үшін бірдей нысандағы кесте түріндегі сипаттамалар жүйелі түрде ұсынылады. Нақты ұғымға қолданылмайтын кесте бағандары әдейі толтырылмайды.

Бұл қажет немесе орынды деген барлық жағдайларда мысалдар келтірілген. Жалпы алғанда, жоғары түрған ұғымдарға арналған мысалдарды тиісті төмен түрған ұғымдардың деңгейінде іздеу керек.

Оқырмандар үшін осы ұғымдар арасындағы өзара байланыс ұғымдарын оңайлату үшін UML-дің шартты белгілерінің (бірыңғай модельдеу тілі)

негізінде диаграммалар ұсынылған. келісімдерінің негізінде диаграммалар енгізілді. Осылайша, 5-тен 12-ге дейінгі тармақтарда сипатталған әрбір ұғым, ұғымдардың осы жүйесіне тиесілі басқа ұғымдармен оның тікелей байланысын ғана көрсететін жалпы және толық диаграмманың кіші тобымен сүйемелденеді.

5-тен 12-ге дейінгі әр тармақтың басында сондай-ақ ұғымдар жүйесінің ұғымдар жүйесінің ішінәра көрінісін көрсететін диаграммалар келтірілген. Бұл диаграммалар тиісті тармақта қарастырылатын тақырыпты көрсетеді. Қабылдау айқындығы үшін,

- осы тармақта немесе тармақшада айқындалған, бір бөлігі диаграмма болып табылатын ұғымдар кәдімгі сзыық түрінде шекарасы бар ақ түспен көрсетілген,
- басқа тармақтарда немесе тармақшаларда анықталған ұғымдар кәдімгі сзыық түрінде шекарасы бар сұр түспен көрсетілген,
- осы стандартта анықталмаған ұғымдар штрих сзығы бар сұр түспен көрсетілген,
- ақ түспен көрсетілген ұғымдар үшін барлық өзара байланыстар қосылған,
- сұр түспен көрсетілген ұғымдар арасындағы өзара байланыс қосылмаған,
- курсивті таңбалар ұғымдардың тақырыптарында қолданылады, олар тек абстрактілі, сондықтан оларды мамандандыру арқылы ғана қолдайды.

Осы стандартта тұжырымдамалық модельдерді пайдалану мақсаты ұғымдар арасындағы өзара байланысты нақты көрсету болып табылады. Осы стандартта іс жүзінде тұжырымдамалық модельдеу саласына жатпайтын олардың қасиеттері қарастырылмайды. Бұл қосымша қасиеттер осы стандартпен келіспей-ақ, орындау кезінде пайдалы немесе қажет болуы мүмкін дегенді білдіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Денсаулықты ақпараттандыру

**МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІН ҮЗДІКСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ҰҒЫМДАР ЖИЫНТЫҒЫ**

Енгізілген күні 2022-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт медициналық көмек көрсетудің әртүрлі аспектілеріне арналған ұғымдар жиынтығын айқындайды.

Денсаулық сақтаудағы негізгі қызмет – бұл медициналық көмек көрсету субъектілері мен медицина қызметкерлері арасындағы өзара әрекет. Мұндай өзара іс-кимыл медициналық/клиникалық процестерде болады, ол клиникалық қамтуды да, клиникалық контекстті де көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы стандарт денсаулық сақтаудың/клиникалық процестің жалпы моделімен, сондай-ақ медициналық қызметтердің клиникалық, басқарушылық және ресурстық аспектілеріне арналған ұғымдардың жанжақты анықтамалары мен тұжырымдамалық модельдерімен байланысқан.

Осы стандарт іс жүзінде денсаулық сақтаудағы құрылымдалған ақпарат талап ретінде көрсетілген жағдайларда қажетті ұғымдардың анықтамаларын қамтиды. Бұл анықтамалар іске асыру белшектеріне емес, тек тұжырымдамалық деңгейді ғана белгілеуге арналған. Осы стандарт:

- халықаралық, ұлттық немесе жергілікті деңгейлердегі семантикалық өзара әрекеттесу үшін жалпы негіз ретінде ақпараттық көзқарасы бар логикалық анықтамалық модельдерді,
- ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ,
- клиникалық процестердің белгілі бір түрлеріне арналған ақпаратты өзірлеу кезінде барлық сипаттамалардың түріне қолданылады.

Осы стандарт белгілі бір медициналық/клиникалық/акпараттық процестерді қалай орындау керектігіне қолданылмайды.

Осы стандарт денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу және білім беру процестеріне қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы ғана (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданады.

ISO 9000 (барлық білімдері) Quality management systems – Fundamentals and vocabulary (Сапа менеджментінің жүйесі - Негізгі ережелер мен сөздік)

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ISO 9000 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен бірге мынандай терминдер қолданылады:

3.1 Медициналық көмек

3.1.1 Медициналық көмек (healthcare): Күтім жасау, медициналық қызметтерді көрсете жөніндегі қызмет, басқарушылық қызмет немесе адам денсаулығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.

Ескертпе - Бұл ұғым пациенттер үшін рәсімдерді орындаудан басқа, пациенттер, денсаулық жағдайы және медициналық көмек көрсете шенберіндегі қатынастар туралы ақпаратты басқаруды, сондай-ақ клиникалық ақпаратты басқаруды қамтуы мүмкін.

[ISO/TR 18307:2001, 3.7-тармақ, өзгерілді]

3.1.2 Үздіксіз медициналық көмек көрсетеу (continuity of care): Денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі қатысуышыларының арасындағы өзара іс-кимыл, интеграция, үйлестіру және ақпарат алмасу арқылы (3.9.5-қара) көрсетілетін тиімді, пәрменді, мінез-құлық медициналық көмек.

Ескертпе – «Денсаулық сақтау жүйесінің қатысуышылары» 5.2.1-тармақта анықталған.

3.2 Ұғымдар мен терминдер

3.2.1 Ұғым (concept): Сипаттамалардың бірегей үйлесімімен құрылған ақпарат бірлігі.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 1087-1:2000, 3.2.1]

3.2.2 Ұғымдар жүйесі (system of concepts): Өзара байланысты ұғымдар жиынтығы.

Ескірген термин: Ұғымдар жүйесі (concept system)

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 1087-1:2000, 3.2.11]

3.2.3 Ескірген термин (deprecated term): Үәкілетті органның пайдалануына ұсынылмайтын термин.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 1087-1:2000, 3.4.17]

3.3 Субъектілер (actors)

3.3.1 Ұйым (organization): Өкілеттіліктің белгілі бір шенбері, оның аясында *адам* (3.3.4) немесе адамдар қандай да бір мақсатқа жету үшін әрекет етеді немесе әрекет етуге үәкілетті.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/IEC 6523-1:1998, 3.1]

Ескертпелер

1 Ұйымдардың топтары немесе бөлімшелері, сондай-ақ оларды ақпарат алмасу шенберінде бөлу қажеттілігі кезіндегі ұйым ретінде қаралуы мүмкін.

2 Осы стандартта бұл анықтама ұйымдардың құқықтық мәртебесіне қарамастан олардың барлық түрлеріне қолданылады.

3.3.2 Ұйымдастыру құрылымы (organizational pattern): Ұйымның (3.3.1) әртүрлі бөлімшелерінің арасындағы өзара қатынастарды сипаттау.

3.3.3 Қатысушы (party): Белгілі бір қоғамдастықтың немесе доменнің қызметіне қатысты рөл атқаратын (3.3.5) адам немесе топ.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 8459:2009, 2.33]

3.3.4 Тұлға (person): жеке тұлға ретінде қаралатын адам.

3.3.5 Рөл (role): Жеке тұлғага немесе ұйымға жүктелетін функция немесе позиция

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/HL7 21731:2006]

3.3.6 Тұлғаның рөлі (person role): Жеке тұлғаның (3.3.4) рөлі (3.3.5).

3.3.7 Ұйымның рөлі (organization role): Ұйымның (3.3.1) рөлі (3.3.5)

3.4 Ресурстар

3.4.1 Ресурс (resource): Процессі (3.6.1) орындау барысында қолданылатын немесе тұтынылатын актив

Ескертпелер

1 Қаржыландыру, персонал, объектілер, күрделі жабдықтар, қуралдар және энергетикалық, су, отын және коммуникациялық инфрақұрылым сияқты коммуналдық қызметтер сияқты түрлі объектілерді қамтиды.

2 Ресурстар қайтадан қолданылатын, жаңартылатын немесе шығын материалдарын қамтиды.

Мысал - Уақыт, персонал, адам дағдылары мен білімі, жабдық, қызметтер, материалдар, технологиялар, деректер, ақша.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/IEC/IEEE 15288:2015, 4.1.38, езгерілген]

3.4.2 Медициналық құрылғы (medical device): Адамның бір немесе бірнеше нақты мақсаттарына арналған жеке немесе комбинацияда пайдалануы үшін:

- диагностика, алдын алу, мониторинг, емдеу немесе аурудың ағымын женілдету,

- жарақаттан кейінгі диагностика, мониторинг, емдеу, женілдету немесе қалпына келтіру,

- дененің құрылымын немесе физиологиялық процесті зерттеу, ауыстыру, түрлендіру немесе қолдау,

- өмірді қолдау немесе қамтамасыз ету,

- ұрықтандыруды басқару,

- медициналық бұйымдарды дезинфекциялау,

- адам денесінен алынған жасанды ұлгілерді зерттеу арқылы медициналық мақсатта *ақпарат* (3.9.5) беру,

және адам ағзасындағы немесе оған фармакологиялық, иммунологиялық немесе метаболикалық құралдарымен алғашқы болжамды әсерге қол жеткізбейтін, бірақ оның осындай құралдармен жұмыс істеуіне көмектесетін дайындаушы жасаған кез келген құрал, құрылғы, аппарат, аспап, имплантат, реагент немесе калибратор, программалық қамтамасыз ету, материал немесе басқа барабар, немесе ұқсас бұйым.

Ескертпелер

1 Бұл анықтаманы Жаһандық Үйлестіру жөніндегі Нысаналы Топ әзірледі (GHTF).

2 Занға сәйкес медициналық кондырғылар ретінде қарастырылуы мүмкін бұйымдар, бірақ олар үшін әлі де болса келісілген амал жок:

- мүгедектерге/мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған қосалқы құралдар,

- жануарлардың аурулары мен жаракаттарын емдеуге/диагностикалауға арналған кондырғы,

- медициналық кондырғыларға арналған құрылғылар (3- ескертпені қараңыз),

- дезинфекциялаушы заттар,

- жоғарыда келтірілген анықтаманың талаптарына жауап беретін, бірақ әр түрлі бақылауға жататын жануарлар мен адамның тіндері бар кондырғылар.

3 Кондырғыны нысаналы пайдалануды қамтамасыз ету үшін өндірушілер «ата-ана» медициналық кондырғысымен бірге пайдалану үшін арнайы арналған құрылғылар осы стандарттың қолданылуға аясына жатқызылуы тиіс.

[АКПАРАТ КӨЗІ: ISO 14971:2007, 2.9]

3.4.3 Дәрілік зат (medicinal product): Медициналық диагнозды қою немесе физиологиялық функцияларды қалпына келтіру, түзету немесе өзгерту мақсатында адамға ауруды емдеу немесе алдын-алу үшін енгізілуі мүмкін кез-келген зат немесе заттар комбинациясы.

Ескертпелер

1 Дәрілік заттардың құрамында бір немесе бірнеше дайындалған бұйымдар және бір немесе бірнеше фармацевтикалық өнімдер болуы мүмкін.

2 Занға сәйкес, дәрілік заттар сондай-ақ кез-келген зат немесе заттар комбинациясы ретінде анықталуы мүмкін, олар медициналық диагноз қою үшін пайдаланылуы мүмкін.

3 Осы стандарттың ережелері нарықта өткізуға арналған адамның пайдалануы үшін патенттеген дәрілік заттарға және оларды өткізуға дәрілік заттарды реттеу жөніндегі орган рұқсат берген өнеркәсіптік дайындалған дәрілік заттарға колданылады. Алайда, бұл ережелер рецепт бойынша дайындалған, мысалы, накты пациентке арналған рецепт бойынша дәріханада дайындалған дәрілік заттарға; бекітілген формулаға сәйкес дайындалған, мысалы, фармакопея нұсқаулықтарына сәйкес дәріханада дайындалған және пациентке дәріхананың тікелей беруіне арналған дәрілік заттарға; зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық сынақтарға арналған дәрілік заттарға; уәкілетті өндірушінің кейіннен қайта өндеуге арналған аралық өнімдерге қолданылмайды.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 11615:2012, 3.1.49]

3.5 Менеджмент

3.5.1 Медициналық көмек көрсету сапасы (quality in healthcare): Денсаулық сақтау (3.1.1) белгілі бір сапалық сипаттамаларға байланысты талаптарға сәйкес келетін дәреже.

Ескертпе - Сапа «объектіге тән сипаттамалар жыныстырының талаптарға сәйкес келетін дәрежесі» ретінде ISO 9000:2015, 3.6.2 анықталады.

3.5.2 Сапа менеджменті (quality management): Сапаға қатысты басқару.

Ескертпе - Сапаны басқару сапа саясатын және сапа мақсаттарын әзірлеуді, сондай-ақ сапаны жоспарлау, сондай-ақ сапаны жоспарлау, сапаны қамтамасыз ету, сапаны бақылау және сапаны арттыру арқылы осы сапа мақсаттарына жетуге арналған процестер.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.3.4]

3.5.3 Сапаны қамтамасыз ету (quality assurance): Сапаға қойылатын талаптардың орындалынына сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған сапа менеджментінің бір бөлігі (3.5.2).

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.3.6]

3.5.4 Сапаны бақылау (quality control): Сапаға қойылатын талаптарды орындауға бағытталған сапа менеджментінің бір бөлігі (3.5.2).

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.3.7]

3.5.5 Тәуекел (risk): Оқиғаның ықтималдығы мен оның салдарларының үйлесімі

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 73:2009 жөніндегі басшылық, 1.1]

3.5.6 Күтпеген оқиға (unintended event): процестің қалыпты журу бөлігі болып табылмайтын, бірақ оған әсер етуі мүмкін құбылыс (3.6.1).

Ескертпелер

1 Болуы мүмкін оқиға күтілуі немесе күтпеген болуы мүмкін.

2 Процестегі қызмет әдейі болып табылады және белгілі бір мақсаты бар. Мінсіз жағдайда мақсаттар әрқашан орындалады. Егер кандай да бір процестегі қызмет қазіргі уақытта талданатын процеске әсер етсе, онда осы қызметтің әсері ағымдағы процесспен күтпеген оқиға ретінде қабылданады. Онда процестің барысы күтілгеннен ауыткуы мүмкін. Берілген курстан мұндай алып тастау процестің берілген нәтижесімен салыстырғанда теріс немесе оң болуы мүмкін.

Мысал - Хирургиялық асқыну (анатомия мен тіндер күтпеген жолмен жауап береді), электрлік іркіліс, дәрілік заттардың ластануы, аппараттық іркіліс, пациенттің емді күтіп отырғанда кенеттен жазылуы.

3.6 Процесті басқару

3.6.1 Процесс (process): Белгіленген нәтижеге жету үшін кіріс деректерді пайдаланатын өзара байланысты немесе өзара іс-қымыл әрекеттердің жиынтығы.

Ескертпелер

1 Контекстке байланысты процестің «белгіленген нәтижесі» нәтиже, жоба немесе қызмет деп аталады.

2 Процеске кіріс параметрлері, әдетте, басқа процестердің шығыс параметрлері болып табылады, ал процестің шығыс параметрлері, әдетте, басқа процестер үшін кіріс параметрлері болып табылады.

3 Екі немесе одан да көп өзара байланысты және өзара әрекеттесетін тізбекті процессті процесс деп атауга болады.

4 Ұйымдағы процестер, әдетте, маңыздылығын арттыру үшін бақыланатын жағдайда жоспарланады және орындалады.

5 Алынған нәтиженің сәйкестігін растау қын немесе экономикалық тұрғыдан орынды емес процесті көбінесе «арнайы процесс» деп атайды.

6 Термин жалпы терминдердің және 1-бөлім, ИСО/МЭК Директиваларына ИСО жиынтық толықтыруына SL қосымшасында келтірілген ИСО менеджмент жүйесі стандарттарының негізгі анықтамаларының бірі болып табылады. Бастанқы анықтама процесс пен нәтиже арасындағы циклділікті болдырмау үшін өзгерілді, әрі жазбаларға 1-ден 5-ке дейінгі Ескертпелер қосылды.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.4.1]

3.6.2 Процесс үлгіci (process model): *Процесті* (3.6.1) ұсыну

3.6.3 Өнім (product): Ұйым мен клиент арасындағы ешқандай да өзара әрекеттесусіз шығарылуы мүмкін ұйымның өнімдері.

Ескертпелер

1 Өнім өндірісі өнім беруші мен клиент арасындағы ешқандай да өзара әрекеттесусіз жузеге асырылады, бірақ көбінесе тұтынушыға өнімді жеткізу кезінде қызмет көрсетудің осы элементтің қамтуы мүмкін.

2 Өнімнің басым элементі, оның көбінесе материалдық болып табылатындығы.

3 Жабдық (мысалы, шиналар) материалдық болып табылады және оның саны есептелеңтін сипаттамамен көрсетіледі. Өнделетін материалдар (мысалы, отын мен алкогольсіз сусындар) материалдық болып табылады және олардың саны тұрақты сипаттама болып табылады. Жабдық пен өнделетін материалдарды көбіне тауарлар деп атайды. Программалық қамтамасыз ету (мысалы, компьютерлік бағдарлама, ұялы телефонға арналған қосымша, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, сөздіктің мазмұны, музикалық композицияға арналған авторлық құқық, жүргізуши құқығы) ақпарат тасымалдаушысына байланысты емес ақпараттан тұрады.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.7.6]

3.6.4 Қызмет (service): Ұйым мен клиент арасындағы қызметтің ең болмағанда бір түрін міндettі түрде орындаумен, ұйымның нәтижесі (3.3.1)

Ескертпелер

1 Қызметтің басым элементтері, әдетте, материалдық емес.

2 Қебінесе клиенттің талаптарын белгілеу үшін қызмет клиенттеп өзара әрекеттесуді, сондай-ақ, қызмет көрсетілгеннен кейін де, банктермен, бухгалтериямен немесе қоғамдық ұйымдармен, мысалы, мектептермен немесе ауруханалармен өзара әрекеттесуді қамтуы мүмкін;

3 Қызметті ұсыну, мысалы, мыналарды қамтуы мүмкін:

- клиент жеткізетін материалдық өнімге қатысты жүзеге асырылатын қызмет (3.6.3) (мысалы, жөндеуге жататын автомобиль);

- клиент жеткізетін материалдық емес өнімге қатысты жүзеге асырылатын қызмет (мысалы, салық декларациясын дайындау үшін қажетті кірістер мен шығындар туралы есеп);

- материалдық емес өнімді ұсыну (мысалы, білім беру контекстінде ақпаратты ұсыну (3.9.5));

- тұтынушы үшін қолайлы жағдайларды күрү (мысалы, қонақ үйлер мен мейрамханаларда);

4 Қызметті, әдетте, клиент тексереді.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.7.7]

3.6.5 Нәтиже (output): Процестің нәтижесі

Ескертпе - тиісті сипаттамалардың басым болуына байланысты ұйым (3.3.1) қызметтің нәтижесі өнім (3.6.3) немесе қызмет (3.6.4) болып табылады ма, мысалы, галереяда сатылатын сурет-бұл өнім болып табылады, ал тапсырыс берілген суретті жеткізу - бұл қызмет болып табылады, бөлшек сауда дүкенінен сатып алғынған гамбургер - бұл өнім, ал мейрамханада тапсырыс берілген гамбургерге тапсырыс беру және қызмет көрсету - бұл қызметтің бір бөлігі болып табылады.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 9000:2015, 3.7.5]

3.7 Уақыт

3.7.1 Қабылдау (appointment): Белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде біреумен кездесу туралы келісімділік.

3.8 Жауапкершілік

3.8.1 Міндеттеме (commitment): Актінің бір немесе бірнеше қатысуышыларының ережені сактауға немесе шарттың талаптарын орындауға міндetteуге әкелетін іс-қимыл.

Ескертпе - Міндеттеменің іс-әрекетіне қатысатын кәсіпорынның объектісі (объектілері), таралтар немесе таралтардың атынан әрекет ететін таралтар немесе

делдалдар болуы мүмкін. Делдал міндеттемені қабылдаған жағдайда, сенім білдіруші міндетті болады.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 12967-1:2009, 3.6.2]

3.9 Ақпаратты басқару

3.9.1 Деректер (data): Қайта түсіндірілетін ақпаратты беруге, түсіндіруге немесе өндеуге жарамды, күжаттық ресімделген түрде ұсыну.

Ескертпе - Деректерді адамдар немесе автоматты құралдар өндей алады.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/IEC 2382:2015, 2121272, өзгертілген]

3.9.2. Деректер қоймасы (data repository): Сәйкестендірілетін деректер қоймасы (3.9.1).

Ескертпе - ISO 10303-22:1998 стандартында мұрағаттың анықтамасы.

3.9.3 Медициналық деректер (healthcare data): Медициналық қызмет барысында алынған деректер (3.9.1)

Ескертпе - Медициналық қызмет 7.2.- тармақта айқындалған.

3.9.4 Медициналық ақпарат (healthcare information): Оның медициналық қызмет көрсетуіне қатысы бар адам туралы ақпарат.

3.9.5 Ақпарат (information): Белгілі бір контексте белгілі бір мәні бар объектілер туралы ақпарат.

Ескертпелер

1 Ұғымдарды қоса алғанда, фактілер, оқигалар, заттар, процестер мен идеялар объектілердің мысалдары болып табылады.

2 Ақпарат - бұл мағынасы бар нәрсе. Деректердің мәні ашылғанда ғана олар ақпарат ретінде қарастырылуы мүмкін.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/IEC 2382:2015, 2123204, өзгертілген]

3.9.6 Ақпараттық модель (information model): көрсетілген талапты қанағаттандыру үшін фактілердің, ұғымдардың немесе нұсқаулықтардың шектеулі жиынтығының ресми үлгісі.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 10303-1:1994, 3.2.21]

3.9.7 Электрондық денсаулық паспорты (electronic health record): Компьютермен өндеуге жарамды нысандағы пациенттің денсаулық жағдайы туралы ақпаратты сақтау.

Ескертпе – Пациент 5.2.1-тармақта айқындалған.

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO 13606-2:2008, 4.7, өзгертілген]

3.9.8 Ақпаратты тасымалдаушы (medium): деректер сақталатын тасымалдаушы (мысалы, магнитті диск)

[АҚПАРАТ КӨЗІ: ISO/IEC 14776-151:2010, 3.1.117, өзгертілген]

4 Белгіленулер мен қысқарған сөздер


Осы стандартта мынадай белгіленулер мен қысқарған сөздер қолданылған:

DRG	Диагностикалық топ
EHR	Электрондық медициналық жазба
ҚХО	Тыныс-тіршілігі мен денсаулығының жұмыс істеуінің, шектелуінің халықаралық сыныптамасы
GP	Жалпы практика дәрігері
ДДҰ	Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы
UML	Бірегей модельдеу тілі


5 Пациенттермен байланысты ұғымдар

5.1 Жалпы ұғымдар

Үздіксіз медициналық көмек көрсетудің қатысуышыларына жататын ұғымдар арасындағы байланысты көрсететін модель 2 және 3-суретте келтірілген. Диаграмманы көрсету бойынша нақты ақпарат «Кіріспе» тарауында (0.7-тармақты қараңыз) келтірілген.



2-сурет - Денсаулық сақтау жүйесінің катысушыларымен байланысты ұғымдардың кешенді UML-диаграммасы (i)



З-сурет - Денсаулық сактау жүйесінің қатысуышыларымен байланысты ұғымдардың кешенді UML-диаграммасы (ii)

5.2 Денсаулық сактау жүйесіне қатысуышы

Термин: Денсаулық сактау жүйесіне қатысуышы (*healthcare actor*)

Ескірғен термин: Денсаулық сактау тарараптары (*healthcare party*)

Анықтама: Медициналық көмек көрсетуге қатысуышы ұйым немесе тұлға

Ескертулер

1 Денсаулық сактау жүйесіне қатысуышылардың жәрдемдесуінің (қатысуының) еki түрі бар (денсаулық сактау жүйесіне қатысуышының қызметі не болмаса тікелей (мысалы, нақты медициналық көмек көрсету), не жанама (мысалы, ұйымдастырушылық деңгейде болады).

2 Осы анықтамаға сәйкес, медициналық көмекті көрсеткені үшін қаржыландыруға, төлемді немесе шығындарды өтеуге жауапты тұлға немесе ұйым денсаулық сактау жүйесінің, сондай-ақ медициналық көмек көрсетуге жауапты ұйымдар болып табылады.

3 EN 13940-1: 2007 осы ұғым үшін қолайлы термин денсаулық сактау тарабы деген термин болды.


Осы ұғымның ассоциациясы 1-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 4-суретте көрсетілген.

1-кесте - *Денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы ассоциациясы*

Мамандандыру		Жалпылау	
		медициналық қызметтерді жеткізуші	
		пациент	
		медицина қызметкері	
		медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап	
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	...қатысады	1..* медициналық көмек
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	анықтайды немесе мәлімдейді	0..* денсаулық сақтау сұрағы
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	анықтайды	0..* денсаулық сұрақтарының тізбегі
0..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	жәрдемдесу кезінде шешімдер қабылдайды	0..* клиникалық басшылық
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	қолданады	0..* медициналық көмек көрсету жоспары
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	... үшін жауапты	0..* жалпы деректер қоймасы
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	білдіреді	0..* медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптар
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	жібереді	0..* медициналық ақпаратты сұрату
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	алады	0..* медициналық ақпаратты сұрату
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	жібереді	0..* клиникалық есеп
1	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	алады	0..* клиникалық есеп
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	орындаиды	0..* медициналық қызмет элементі
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	... үшін жауапты несет	0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау
0..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	қамтамасыз етеді	0..* медициналық құралдар

I кестенің жалғасы

...-деп ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* денсаулық сактау жүйесіне қатысушы	сипаттайты	0..* элеуетті денсаулық мәртебесі
1 денсаулық сактау жүйесіне қатысушы	белгілайді	0..* медициналық өкілеттілік
0..* медициналық өкілеттілік	белгіленеді	1 денсаулық сактау жүйесіне қатысушы
0..1 тұлға	болып табылады	0..* денсаулық сактау жүйесіне қатысушы
0..1 үйым	болып табылады	0..* денсаулық сактау жүйесіне қатысушы
0..* денсаулық сактау мәселесімен байланысты сертификат	беріледі	1..* денсаулық сактау жүйесіне қатысушы



4-сурет - Денсаулық сактау жүйесіне қатысушы (UML-ұсыну)

5.2.1 Пациент

Термин: пациент (*subject of care*)

Синоним: медициналық субъект, пациент, клиент, қызметті пайдалануышы

Анықтама: тұлға рөліндегі денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы; ол медициналық көмек алуға үмтүлады, алады немесе алды.

Ескертпе - Жаңа туған нәресте медициналық көмекті алған кезде немесе алғаннан кейін пациент ретінде қаралуы мүмкін.

Мысал – Емдеуден өтіп жатқан пациент, физиотерапевтің клиенті, скрининг үшін нысаналы топтың әрбір нақты адамы, медициналық білім беру сеанстарына қатысатын диабетиктер тобының әрбір нақты адамы, медициналық кеңес алуға жүгінетін адам.


Осы ұғымның ассоциациясы 2-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 5-суретте көрсетілген.

2-кесте – Пациент ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау			
денсаулық сақтау тарабы					
Жеке және занды тұлғаның рөлі					
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы		...-ге ассоциация	
1	пациент	алуға үмтүлады, алады немесе алды	1..*	денсаулық көмек	
1	пациент	бар	1	денсаулық жағдайы	
1	пациент	бар немесе болды	0..*	медициналық қажеттілік	
0..1	пациент	қолдайды	0..*	жеке медициналық жазбаға	
1	пациент	орындаиды	0..*	өзіне күтім жасау әрекеті	
1	пациент	бар	0..*	жақын туысына	
0..1	пациент	бар	0..1	келісуге құқылық қабілеттілік	
0..1	пациент	білдіреді	0..*	келіспеу	
0..1	пациент	қатысады	0..*	байланыста	
0..1	пациенттің өкілі	атынан шешім қабылдау құқығына ие	0..*	пациенттің	

I кестенің жалгасы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
1	пациенттің медициналық көмекті аудан бас тартуы	шакырылды	0..*	пациентпен
1..*	медициналық процесс	үшін орындалады	1	пациентпен
1..*	медициналық қызмет	үшін орындалады	1	пациентпен
1..*	денсаулық сактау мәселесі	қарастырады	1	пациенттің
1..*	медициналық көмек көрсетудің міндетті кезеңі	қарастырады	1	пациенттің
1..*	медициналық жазба	қарастырады	1	пациенттің
0..*	медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап	қолдайды	1..*	пациенттің
0..*	медициналық көмек көрсету туралы талаптың себебі	білдіріледі	0..1	пациентпен



5-сурет - Пациент (UML-ұсыну)

5.2.2 Жақын тұзысы

Термин: Жақын тұзысы (*next of kin*)

Анықтама: науқастың ең жақын тірі тұзысы болып табылатын немесе онымен тығыз қарым-қатынаста болатын адам ретінде белгіленетін жеке немесе заңды тұлғаның рөлі.

Ескертпелер


1 Жақын тұзысы болып табылатын адам медициналық қызмет көрсетуге жанама немесе анық қатыса алады, кейде *пациенттің* келісімге құқығы болмағанда, *пациенттің* өкілі бола алады. Осылайша, жақын тұзысы болып табылатын адам мүндай жағдайда медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз *етемтін тараптар* рөлін орындауы мүмкін.

2 Адам бірнеше пациенттің жақын тұстарының рөлін ұсына алады (ойнай алады).

Осы ұғымның ассоциациясы 3-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 6-суретте көрсетілген.

3-кесте – Жақын тұстардың ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
жеке және заңды тұлғаның рөлі			
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
1 пациент	бар	0..1 жақын тұыс	



6-сурет - Жақын тұысы (UML-ұсыну)

5.2.3 Медициналық қызметтерді жеткізуші

Термин: медициналық қызметтерді жеткізуші (*healthcare provider*)

Синонимдер: медициналық көмек көрсетуді жеткізуші, медицина қызметкері, медициналық қызметтерді жеткізуші, медициналық қызмет көрсетуді жеткізуші

Анықтама: тікелей медициналық көмекті ұсынатын медициналық ұйым немесе медицина қызметкері.

Ескертпелер

1 *Медициналық қызметтерді жеткізуші* болып табылатын медициналық ұйымның персоналды медицина қызметкерлер ретінде медициналық қызметтерді көрсетуге қатысатын басқа да адамдарды да қамтуы мүмкін.

2-Осы стандартт *медициналық қызметтерді жеткізушінің* тек екі мамандануын қамтиды. Бұл басқа мамандандыру мүмкіндіктерін жоққа шығармайды. *Денсаулық сақтау жүйесіне қатысушылардың* басқа түрлері *медициналық қызметті жеткізуші* ұғымына енгізілген занға сәйкес қажетті мамандандырулар қосылуы мүмкін.

3 Осы анықтамаға сәйкес денсаулық сақтау саласында инвестициялау, қаражат беру немесе өтемақы тәлемдерімен айналысатын ұйымдар «*медициналық қызметті жеткізуші*» ұғымына жатпайды, және Қазақстан Республикасы Ұлттық стандартының осы жобасының шенберінде, ұксас бұйымдар «*медициналық көмек көрсетуді қолдауды талап ететін тараптар*» ретінде қарастырылады.

Осы ұғымның ассоциациясы 4-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 7-суретте көрсетілген.

4-кесте – *Медициналық қызметтерді жеткізуші* ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау
денсаулық сақтау тарабы		медициналық ұйым
		медицина қызметкері
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..*	медициналық қызметті жеткізуші	қамтамасыз етеді
1	медициналық қызметті жеткізуші	өкілеттігі бар
1	медициналық қызметті жеткізуші	үшін жауапты
1..*	медициналық қызметті жеткізуші	орындауды
		1..*
		медициналық қызметті жеткізушінің қызметі

4 кестенің жалғасы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
1	медициналық қызметті жеткізуші	алады	1..*	медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптар
1	медициналық қызметті жеткізуші	қабылдайды немесе жокқа шығарады	1..*	медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптар
1	медициналық қызметті жеткізуші	үшін жауапты	0..*	медицина қызметкерінің жазбасы
1	медициналық қызметті жеткізуші	басқарады	0..*	медициналық көмек көрсетудің міндетті кезеңі
1	медициналық қызметті жеткізуші	белгілеуі мүмкін	1..*	медициналық көмек көрсетудің міндетті кезеңі
1	медициналық қызметті жеткізуші	орналастырады	0..*	бастапқы контакт
1	медициналық қызметті жеткізуші	бекітеді	1..*	денсаулық сактау саласмындағы міндеттеме
1	медициналық қызметті жеткізуші	бар	1	медициналық іс-шаралар анықтамасы
1	медициналық қызметті жеткізуші	үшін жауапты	0..*	ресурстарды кешіктіру
1	медициналық қызметті жеткізуші	орындайды	0..*	медициналық ресурстарды басқару



7-сурет - Медициналық қызметті жеткізуші (UML-ұсыну)

5.2.3.1 Медициналық үйым

Термин: *медициналық үйым (healthcare organization)*

Синонимдер: тікелей медициналық көмекті ұсынатын үйым

Анықтама: Үйимдастыруышылық рөлі бар медициналық қызметтерді жеткізуші

Ескертпелер

1 Бөлімдер мен секциялар сияқты үйимның топтарын немесе бөлімшелерін анықтау қажеттілігі туындаған кезде оларды үйим ретінде қарастыруға болады. Үйимдастыру күрүлімы үйимның ішкі күрүлімын сипаттайты. Осылайша, үйимды автономды үйим ретінде немесе бөлімдер мен секцияларды қамтитын үйим, басқа сөзben айтқанда анағұрлым тәмен деңгейдегі үйим ретінде қарастыруға болады. Медициналық көмек корсетуге бағытталған тікелей қызметті орындау кезінде медицина үйимы ұқсас үйимдардың кез келген рөлін орындаі алады.

2 Медициналық үйим медицина қызметкерлері жүзеге асыратын қызметке, олардың арасындағы қатынастарға қарамастан, жалдамалы, келісімшарттық, уақытша бейресми немесе реесми қатынастарға қарамастан, айтарлықтай негізделеді: медициналық үйимның қызметті медицина қызметкерлеріне байланысты.

3 Жеке кәсіпкерлік қызметтеп айналысатын денсаулық сақтау қызметкери өзінің медициналық үйымының жалғыз адамы (катаисушы) ретінде қаралады.

4 Медициналық үйым: Медициналық қызметтерді ұсынатын үйымдардың әртүрлі түрлерін сипаттау үшін қолданылатын жалпы термин.

Мысал - Медициналық көмек көрсету тобы, медициналық орталық, емхана, стационарлық бөлім, медициналық бөлім.

Осы үгымның ассоциациясы 5-кестеде келтірілген; UML-ұсыну үгымы 8-суретте көрсетілген.

5-кесте - Медициналық үйим ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық қызметті жеткізуші		
үйымдастырушылық рөлі		
Компонент	Жиынтығы	
	1..* медицина қызметкери	
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* медициналық үйим	белгілейді	0..* медицина қызметкери
1..* медициналық үйим	қабылдайды	0..* медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары
1 медициналық үйим	ұсынады	1..* денсаулық сақтау саласын басқару



8-сурет - Медицина үйимы (UML-ұсыны)

5.2.3.2 Денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамту

Термин: Денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамту (*healthcare employment*)


Синоним: медициналық көмек көрсету жұмысы

Анықтама: осы медицина персоналына жүктелген рөлдер мен міндеттерді сипаттайтын медицина қызметкери мен медициналық ұйым арасындағы шарттық база

Осы ұғымның ассоциациясы б-кестеде көрсетілген; UML-ұсыну ұғымы 9-суретте көрсетілген.

6-кесте - Денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамту ассоциациясы

Ассоциация ұғымы		Байланыстар			
1	денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамту	1	медицина қызметкери	1	медициналық ұйым



9-сурет - Денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамту (UML-ұсыну)

5.2.3.3 Медицина қызметкери

Термин: медицина қызметкери (*healthcare personnel*)

Синонимдер: медициналық көмек көрсету жөніндегі персонал, жеке қызмет көрсетуші

Анықтама: медицина ұйымында жеке немесе заңды тұлға рөлі бар жеке денсаулық сақтау тарабы

1..*	нұсқаулықпен өзін-өзі күту	барысында болады	1 өзін-өзі күту кезеңі



47-сурет – Нұсқаулықпен өзін-өзі күтуі (UML-ұсыну)

7.2.5 Денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет

Термин: *денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет* (*healthcare third party activity*)

Синоним: *денсаулық сақтауга жәрдемдесу бойынша қызмет*

Анықтама: *медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап жүзеге асыратын медициналық қызмет*

Ескертпе

1 *Медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап қызметінің екі түрі бар, оларды ажырата білу керек.*

Медициналық көмек көрсету жоспарына енгізілген нұсқаулықпен септігін тигізетін көмек, күжаттама медициналық картага енгізілген.

Үйгарылмаған медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың қызметі.


2 EN 13940-1:2007 денсаулық сақтауға жәрдемдесу жөніндегі қызмет осы ұғым үшін қолайлы термин болып табылады.

Мысал - Ұзақ жатқаннан ойылған жерді пациенттің медициналық емдеуі, химиктің ұсынысы бойынша медициналық емдеу.

Осы ұғымның ассоциациясы 41-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 48-суретте көрсетілген.

41-кесте - Денсаулық сақтау саласына жәрдемдесуге бағытталған қызмет ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық қызмет	медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың үйгарылған қызметі	
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..* денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет	жасайды	0..* ратификацияланған медициналық ақпарат
0..* денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет	талап етеді	1..* медициналық қызметке рұқсат
1..* медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тарап	орындаиды	1..* денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет



48-сурет - Денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет (UML-ұсыну)

7.2.6 Медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың үйгарылған қызметі


Термин: *Денсаулық сақтау саласында үшінші тұлғаның үйгарылған қызметі (prescribed third party activity)*

Анықтама: медицина қызметкерінің нұсқауымен денсаулық сақтауда медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың қызметі.

Осы ұғымның ассоциациясы 42-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 49-суретте көрсетілген.

42-кесте - *Медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың үйгарылған қызметі* ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау		
денсаулық сақтау саласында жәрдемдесуге бағытталған қызмет				
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..*	медициналық көрсетуге қамтамасыз тараптың қызметі	көмек қолдауды ететін үйгарылған	нұсқау берілген	1 медицина қызметкери



49-сурет - *Денсаулық сақтауда медициналық көмек көрсетуге қолдауды қамтамасыз ететін тараптың үйгарылған қызметі (UML-ұсыну)*

7.2.7 Медициналық қызмет элементі

Термин: *медициналық қызмет элементі (healthcare activity element)*

Анықтама: бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған медициналық қызмет элементі

Ескертпе - *Медициналық қызмет* – бұл әр түрлі нысаналы іс-әрекеттерді білдіретін элементтерге бөлінуі мүмкін кешенді үғым. мақсаттар тікелей (медициналық зерттеу және пациентпен тікелей байланысты медициналық емдеу) немесе жанама (медициналық бағалау, медициналық талдау, медициналық күжаттама немесе пациентпен тікелей байланысты емес медициналық қызметті басқару) болуы мүмкін.

Осы үғымның ассоциациясы 43-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну үғымы 50-суретте көрсетілген.

43-кесте - Медициналық қызмет элементінің ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
	медициналық зерттеу	
	медициналық бағалау	
	медициналық емдеу	
	медициналық талдау	
	медициналық күжаттау	
	медициналық өзара байланыс	
	медициналық қызметті басқару	
Компонент	Жынтығы	
1 медициналық қызмет		
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* денсаулық сақтау тарапы	орындауды	0..* медициналық қызмет элементі



50-сурет - Медициналық қызмет элементі (UML-ұсыну)

7.2.7.1 Медициналық емдеу

Термин: медициналық емдеу (*healthcare treatment*)

Анықтама: денсаулық жағдайын жақсартуға немесе қолдауға арналған медициналық қызмет элементі.

Ескертпелер

1 Осы пациенттің денсаулығы мәртебесіне негізделген пациент денсаулығының жағдайын емдеу терапевтік көзқарас тұрғысынан қаралатын клиникалық процестің бір бөлігі болып табылады.

2 Медициналық емдеу бағаланған медициналық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал етуге арналған.


3 Алдын алу денсаулық мәртебесінің қаупі емделетін медициналық емдеу түрлерінің бірі болып табылады.

4 Медициналық емдеу, мысалы оңалту, паллиативтік көмек, пациенттерді оқыту, медициналық көмек көрсету және т. б. қоса алғанда денсаулық жағдайына әсер етуі мүмкін қызметтің барлық түрлерін қамтиды.

Осы ұғымның ассоциациясы 44-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 51-суретте көрсетілген.

44-кесте — Медициналық емдеу ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау
медициналық қызмет элементі		
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..*	медициналық емдеу	1 Денсаулық жағдайы
	әсер етеді	



51-сурет — Медициналық емдеу (UML-ұсыну)

7.2.7.2 Медициналық зерттеу

Термин: медициналық зерттеу (*healthcare investigation*)

Анықтама: пациент денсаулығының бір немесе бірнеше мәртебесін анықтау мақсатындағы медициналық қызмет элементі

Ескертпелер


1 Медициналық зерттеулер денсаулық жағдайының аспектілері туралы ақпаратты толықтырады және жақсартады.

2 Кейбір бастапкы медициналық зерттеулер кейде жоспарланған немесе қайталама терапевтік әсерге ие болуы мүмкін, ал қызметтің кейбір түрлері ретінде зерттеу сияқты шын мәнінде терапевтік болуы мүмкін (мысалы, фиброскопия, интервенциялық кардиология және т. б.).

Осы ұғымның ассоциациясы 45-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 52-суретте көрсетілген.

45-кесте - Медициналық зерттеу ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
медициналық қызмет элементі			
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
0..*	медициналық зерттеу	түсіндіреді	1
0..*	медициналық зерттеу	көрсетеді	0..* пациенттің қазіргі жай-күйі



52-сурет — Медициналық зерттеу (UML-ұсыну)

7.2.7.3 Медициналық қызметті басқару

Термин: медициналық қызметті басқару (*healthcare activity management*)

Анықтама: медициналық қызметтің элементі, оның барысында медициналық көмек көрсету жоспарында медициналық қызмет мәртебесі өзгереді

Ескертпе - Медициналық қызметтің ережелерінің мысалдары; жоспарланған, белгіленген, бөлінген ресурстары бар, ағымдағы, орындалған/аяқталған, бағаланған.

Осы ұғымның ассоциациясы 46-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 53-суретте көрсетілген.

46-кесте - Медициналық қызметтің басқару ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық қызмет элементі		
Компонент	Жынтығы	
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..* медициналық қызметтің басқару	басқарады	1..* медициналық қызмет
0..* медициналық қызметтің басқару	медициналық қызметтің мәртебесін өзгертерді	1 медициналық көмек көрсету жоспары



53-сурет - Медициналық қызметтің басқару (UML-ұсыну)

7.2.7.4 Медициналық бағалау


Термин: медициналық бағалау (*healthcare assessment*)

Анықтама: денсаулық мәртебесімен және/немесе медициналық қызметпен байланысты пікір қалыптасатын медициналық қызмет элементі

Осы ұғымның ассоциациясы 47-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 54-суретте көрсетілген.

47-кесте - Медициналық бағалау ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау
медициналық қызмет элементі	денаулық сақтау қажеттілігін бағалау



54-сурет - Медициналық бағалау (UML-ұсыну)

7.2.7.5 Денсаулық сақтау қажеттілігін бағалау

Термин: денсаулық сақтау қажеттілігін бағалау (*healthcare needs assessment*)

Анықтама: медициналық бағалау барысында медицина қызметкери медициналық көмек көрсету қажеттілігі туралы мәселені қарайды және қажетті медициналық қызметті анықтайды.

Ескертпелер

1 Денсаулық сақтау қажеттілігін бағалау медициналық жоспарлаудан бұрын болады.


2 Денсаулық сақтау қажеттілігін бағалау пациентпен диалогта жүргізілуі тиіс. Денсаулық сақтау қажеттілігін бағалаганы үшін медицина қызметкери жаупты болады.

3 Пациенттер денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау кезінде медицина қызметкерлерімен өзара іс-кимыл жасайды, сондай-ақ медициналық көмек көрсетуге койылатын талаптар жағдайында қандай медициналық қызмет түрлерін сұрау керектігі туралы өз пікірлерін сипаттайтыны.

Осы ұғымның ассоциациясы 48-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 55-суретте көрсетілген.

48-кесте - Денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау			
медициналық бағалау					
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы		...-ге ассоциация	
0..*	денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау	алдында болады		0..1	медициналық жоспарлауға
0..*	пациентнің ниеті	барысында қаралады		1..*	денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау
1..*	медицина қызметкері	орындаиды		0..*	денсаулық сақтау қажеттілігін бағалауға
0..*	денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау	анықтайды		0..*	қажетті медициналық қызметті
1	медициналық қажеттілік	барысында қаралады		0..*	денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау



55-сурет - Денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау (UML-ұсыну)

7.2.7.6 Медициналық жоспарлау

Термин: медициналық жоспарлау (*healthcare planning*)


Синоним: медициналық көмек көрсетуді жоспарлау

Анықтама: медициналық көмек көрсету жоспарын құру немесе өзгерту кезінде медициналық қызметті басқару элементі.

Осы ұғымның ассоциациясы 49-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 56-суретте көрсетілген.

49-кесте - Медициналық жоспарлау ассоциациясы

Компонент		Жынтығы	
1 медициналық қызметті басқару			
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
0..*	медициналық жоспарлау	негізделген	0..*
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	нәтижесі болып табылады	1..*
0..*	денсаулық сақтау қажеттіліктерін бағалау	алдында болады	0..1



56-сурет - Медициналық жоспарлау (UML-ұсыну)

7.2.7.7 Медициналық бағалау

Термин: медициналық бағалау (*healthcare evaluation*)

Анықтама: медициналық қызмет элементі, онда кем дегенде тағы бір медициналық қызмет элементі бойынша аспектілер бағаланады.


Ескертпелер

- 1 *Пациентті* қоса алғанда деңсаулық сактау жүйесінің барлық қатысушылары медициналық бағалауды жүзеге асыра алады.
- 2 Сондай-ақ клиникалық процесті бағалау нәтижесін қараңыз.

Осы ұғымның ассоциациясы 50-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 57-суретте көрсетілген.

50-кесте - Медициналық бағалау ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау
медициналық қызмет элементі	медициналық процесті бағалау
	клиникалық процесті бағалау нәтижесі
...-ден ассоциация	...-ге ассоциация
0..* медициналық бағалау	аспектілерді бағалайды 1..* 1..* медициналық қызметтің



57-сурет - Медициналық бағалау (UML-ұсыну)

7.2.7.7.1 Медициналық процесті бағалау

Термин: медициналық процесті бағалау (*healthcare process evaluation*)

Анықтама: медициналық процестер талаптарға сәйкес жүйелі түрде бағаланатын медициналық бағалау.

Ескертпелер


1 *Клиникалық процестердің нәтижелері клиникалық процестің нәтижесін бағалау кезінде бағаланады.*

2 Талаптар әдегте, үйғарынды немесе міндепті түрде талап етілетін қажеттіліктер мен күтулердің жиынтығы ретінде анықталады. Қажеттіліктер, мысалы, нысаналы жағдайлар, ресурстарды пайдалану мақсаттары, басшылықтарды сақтау және т. б. ұсынылуы мүмкін. Күтулер әрбір тартылған денсаулық сақтау жүйесі қатысушысының (яғни пациенттің және медицина қызметкерлерінің) көзқарасы түргысынан нәтижелерді қабылдау арқылы ұсынылуы мүмкін.

Осы ұғымның ассоциациясы 51-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 58-суретте көрсетілген.

51-кесте - Медициналық процесті бағалау ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау
медициналық бағалау		
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..*	медициналық процесті бағалауды	1..* медициналық процесс



58-сурет - Медициналық процесті бағалау (UML-ұсыну)

7.2.7.7.2 Клиникалық процестің нәтижесін бағалау

Термин: *клиникалық процестің нәтижесін бағалау (healthcare process evaluation)*

Анықтама: клиникалық процестің денсаулық жағдайына әсері бастапқы денсаулық жағдайын ұсынатын денсаулықтың нысаналы жағдайына және/немесе мәртебесіне сәйкес бағаланады.


Ескертпелер

- 1 Пациент, және медицина қызметкерлері клиникалық процестер нәтижесін бағалаудың негізгі катысушылары болып табылады.
- 2 Нысаналы мәртебе клиникалық процесс үшін талаптар болып табылады.

Осы ұғымның ассоциациясы 52-кестеде көрсетілген; UML-ұсыну ұғымы 59-суретте көрсетілген.

52-кесте - Клиникалық процестің нәтижесін бағалау ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау		
Медициналық бағалау			
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..* клиникалық процестің нәтижесін бағалау	нәтижені бағалайды	1	клиникалық процестің нәтижесін бағалау
1..* нысаналы мәртебе	үшін бастапқы деректер болып табылады	0..*	клиникалық процестің нәтижесін бағалау
0..* нәтижелі жағдай	үшін бастапқы деректер болып табылады	0..*	клиникалық процестің нәтижесін бағалау



59-сурет - Клиникалық процестің нәтижесін бағалау (UML-ұсыну)

7.2.7.8 Медициналық құжаттама


Термин: медициналық құжаттама (*healthcare documenting*)

Анықтама: медициналық жазбалар жасалатын немесе жургізілетін медициналық қызмет элементі

Осы ұғымның ассоциациясы 53-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 60-суретте көрсетілген.

53-кесте - Медициналық құжаттау ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық қызмет элементі		
...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* медициналық құжаттама	жүргізді	1..* медициналық жазба



60-сурет - Медициналық құжаттау (UML-ұсыну)

7.2.7.9 Медициналық өзара іс-қимыл


Термин: *медициналық өзара іс-қимыл (healthcare communication)*

Анықтама: *дессаулық сақтау жүйесінің кем дегенде екі қатысушысы өзара іс-қимыл жасайтын медициналық қызмет элементі.*

Осы ұғымның ассоциациясы 54-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 61-суретте көрсетілген.

54-кесте - Медициналық өзара іс-қимыл ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық қызмет элементі		



61-сурет - Медициналық өзара іс-қимыл (UML-ұсыну)

7.2.8 Автоматтандырылған денсаулық сақтау

Термин: *автоматтандырылған* *денсаулық* *сақтау* (*automated healthcare*)

Анықтама: жауапты денсаулық сақтау тарапы қабылдаған *медициналық қызмет*, одан әрі оны *медициналық техника* *автоматты түрде* жүзеге асырады.

Ескертпе - Автоматтандырылған денсаулық сақтау дербес медициналық қызмет болып табылмайды, өйткені автоматты медициналық құрылғы денсаулық сақтау тарапының тікелей қатысуын талап етеді және дербес жауапты тұлға (жауапты болуга мүмкіндігі жоқ) болып табылмайды. Денсаулық сақтау тарапы автоматтандырылған денсаулық сақтауды бастамашылық етеді және қарастырады, яғни автоматты медициналық құрылғыны қауіпсіз пайдалануға жауап береді.

Мысал - Холтер мониторингі программасымен ұзақ уақыт бойы машинамен жүзеге асырылған қызмет («Холтер жазбалары»), имплантацияланған жүрек дефибрилляторы.

Осы ұғымның ассоциациясы 55-суретте келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 62-суретте көрсетілген.

55-кесте - Автоматтандырылған денсаулық сақтау ассоциациясы

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау	барысында басталады	1	медициналық қызмет
0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау	барысында қаралады	0..*	медициналық қызмет
0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау	барысында белгіленді	0..1	медициналық қызмет
0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау	әкеледі	0..*	ратификацияланған медициналық аппарат
1..* денсаулық сақтау тарапы	жауапты болады	0..*	автоматтандырылған денсаулық сақтау
1 автоматтандырылған медициналық күрүлғы	жеткізеді	0..*	автоматтандырылған денсаулық сақтау



62-сурет - Автоматтандырылған денсаулық сақтау (UML-ұсыну)

7.2.9 Медициналық ресурстар

Термин: *медициналық ресурстар (healthcare resource)*

Анықтама: *медициналық қызметті орындау үшін қажетті ресурстар*

Ескертпе - *Медициналық процесті* дамыту шамасына қарай Денсаулық сақтау ресурстары өмірлік циклді ұстанады. Мұндай өмірлік цикл кезеңдерінің мысалы: «колжетімді», «брондалған», «ұсынылған», «пайдалануга», «қолданылған» және т. б.


Мысал - Кезекші дәрігер, операциялық зал, дайын аспаптар, кеңес беру бөлмелері, палатадағы төсек-орын, дайындалған дәрілік заттар, электрокардиографиялық күрүлғы, қан үлгісі, донорлық бүйрек және т. б.

Осы ұғымның ассоциациясы 56-кестеде көрсетілген; UML-ұсыну ұғымы 63-суретте көрсетілген.

56-кесте – Медициналық ресурстар ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау
ресурс	медицина қызметкери
	медициналық көмек көрсету сәті
	дәрілік зат
Мамандандыру	Жалпылау
	медициналық құрал

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* медициналық қызмет	талап етеді	1..* медициналық ресурстар
1..* медициналық ресурстарды басқару	жеткізууді жібереді және пайдалануды бақылайды	1..* медициналық ресурстар
0..* денсаулық сактау қорлары	қаржыландырады	0..* медициналық ресурстар



63-сурет - Медициналық ресурстар (UML-ұсыну)

7.2.9.1 Медициналық көмек көрсету пункті

Термин: медициналық көмек көрсету пункті (*point of care*)


Анықтама: тікелей медициналық іс-шараларды өткізу орны

Ескертпе - Орналасқан жері, пациенттің емдеу қолданылатын деңе участесіне емес, ол пациенттің географиялық орналасуына жатады.

Мысал - Хирургиялық кабинет, бөлімше, жедел жәрдем, жолдар, пациенттің үйі, мектеп және т. б.

Осы ұғымның ассоциациясы 57-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 64-суретте көрсетілген.

57-кесте - Медициналық көмек көрсету пункті ассоциациясы



64-сурет - Медициналық көмек көрсету пункті (UML-ұсыну)

7.2.9.2 Автоматты медициналық құрылғы

Термин: автоматты медициналық құрылғы (*automatic medical device*)

Анықтама: *автоматтандырылған медициналық қызметті орындауға қабілетті медициналық құрылғы*

Ескертпе - EN 13940-1:2007 медициналық құрылғы ұғымы денсаулық сақтау жүйесі қатысушысының мамандануы болды және «медициналық көмек көрсету қызметтіне қатысатын программалық қамтамасыз етудің бір бөлігін қоса алғанда, құрылғы немесе жабдық» ретінде анықталды.

Мысал - Арнайы сәйкестендірілетін электрокардиографиялық машина, қандағы қант деңгейінің электрондық мониторы.

Осы ұғымның ассоциациясы 58-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 65-суретте көрсетілген.

58-кесте - Автоматты түрдегі медициналық құрылғы ассоциациясы

Мамандандыру	Жалпылау	
медициналық аспап		
...-ден ассоциация	...-ге ассоциация	
1 автоматты медициналық құрылғы	Ассоциацияның атауы	
	орындауды	
	0..* автоматтандырылған денсаулық сақтау	



65-сурет - Автоматты медициналық күрылғы (UML-ұсыну)

7.2.9.3 Денсаулық сақтау ресурстарын басқару


Термин: денсаулық сақтау ресурстарын басқару (*healthcare resource management*)

Анықтама: медициналық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті *денсаулық сақтау ресурстарын* жеткізу мен пайдалануды басқару және бақылау жөніндегі қызмет.

Осы ұғымның ассоциациясы 59-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 66-суретте көрсетілген.

59-кесте - Медициналық ресурстарды басқару ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
1..*	медициналық ресурстарды басқару	жеткізуді жібереді және пайдалануды бақылайды	1..*	медициналық ресурстарды
1..*	медициналық қызмет	талап етеді	0..*	медициналық ресурстарды басқаруды
1	медициналық қызметтерді жеткізуши	орындауды	0..*	медициналық ресурстарды басқару



66-сурет – Медициналық ресурстарды басқару (UML-ұсыну)

7.2.10 Медициналық қаражаттар

Термин: медициналық қаражаттар (*healthcare funds*)

Синоним: медициналық көмек көрсетеу қаражаттары


Анықтама: медициналық көмек көрсетуді қаржыландыруға бөлінген ресурс

Ескертпе - Каражатты, мысалы, Медициналық сактандыру қоры, үкіметтік мекеме, ұлттық немесе жергілікті билік органды, әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламасы, пациент немесе денсаулық сактауды қаржыландыруда белгілі бір рөл атқаратын үйим беруі мүмкін.

Осы ұғымның ассоциациясы 60-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 67-суретте көрсетілген.

60-кесте - Медициналық қаражаттар ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
ресурс			
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..*	денаулық сактау	каржыландырылады	0..* медициналық қуралдармен
0..*	денаулық сактау жүйесіне катысушы	қамтамасыз етеді	0..* медициналық қуралдар
0..*	медициналық қуралдар	каржыландырылады	0..* медициналық қуралдармен




67-сурет - Медициналық қаражаттар (UML-ұсыну)

8 Процеспен байланысты ұғымдар

8.1 Жалпы ұғымдар

Үздіксіз медициналық көмек көрсету қатысушыларына жататын ұғымдар арасындағы байланысты көрсететін модель 68-суретте көрсетілген. Диаграмманы бейнелеу бойынша анағұрлым нақты ақпарат «Кіріспе» бөлімінде (0.7-тармақты қараныз) келтірілген.



68-сурет - Процесспен байланысты ұғымдар кешенді UML-диаграммасы

8.2 Медициналық процесс

Термин: медициналық процесс (*healthcare process*)

Синоним: медициналық көмек көрсету процесі

Анықтама: бастапқы деректерді нәтижелерге түрлендіретін өзара байланысты немесе өзара іс-қимыл жасайтын медициналық іс-шаралар жиынтығы

Ескертпе

1 *Медициналық процестің* негізгі түрі денсаулық жағдайының бастапқы *клиникалық процесі* болып табылатын және ол денсаулық бір немесе бірнеше нақты проблемаға қатысты қызметтің барлық турлерін қамтиды.

2 *Медициналық процесс* бір медициналық қызметтерді жеткізушіні немесе кез келген басқа ұйымдастыру бөлімшесін анықтау шенберімен шектелмейді.

Осы ұғымның ассоциациясы 61-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 69-суретте көрсетілген.


61-кесте - Медициналық процесс ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
процесс		клиникалық процесс	
Компонент		Жынтығы	
0..1	медициналық процесс	1..*	медициналық қызмет
		0..*	медициналық процесс
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
1..*	медициналық процесс	үшін орындалады	1
0..*	медициналық процесс	жоспарланады	0..*
0..*	медициналық процесті бағалау	бағалайды	1..*
1..*	медициналық процесс	кужатталады	0..*
1..*	медициналық процесс	нәтижесі бар	0..1
1..*	медициналық процесс	көрі байланысты қамтамасыз етеді	0..1
1..*	медициналық өкілдегік	реттейді	1..*
0..1	денсаулық жағдайының бастапқы деректері	бастапқы деректер болып табылады	1
0..1	денсаулық сақтаудағы әкімшілендіру	қолдайды	1..*

61 кестенің жалғасы

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
--------------------	---------------------	-------------------

0..1	денсаулық сақтау сапасын басқару	сапаны бақылайды	1..*	медициналық процесс
0..*	жанама әсері	әсер етеді	1..*	медициналық процесс
0..1	медициналық қызмет	нәтижесі болып табылады	1	медициналық процестің



69-сурет - Медициналық процесс (UML-ұсыну)

8.2.1 Клиникалық процесс

Термин: *клиникалық процесс (clinical process)*

Анықтама: денсаулықта анықталған немесе белгілі бір проблемаға қатысты денсаулық сақтау саласында медициналық қызметтерді жеткізуінің барлық қызметін және басқа да үйгартылған іс-шараларды қамтитын денсаулық сақтау процесі.

Ескертпелер

1 Клиникалық процесс денсаулығында бір немесе бірнеше проблемасы бар пациент үшін орындалатын өзара байланысқан немесе өзара әрекеттесетін медициналық іс-шараларды білдіреді.

2 Денсаулық жағдайы бірінші бастапқы деректер мен клиникалық процестің нәтижесі болып табылады.

3 Клиникалық процесте пациент пен медицина қызметкері медициналық қызметтің барлық түрлерінде өзара әрекет жасайды.

4 Клиникалық процесс медициналық қызметтің барлық түрлерін, негізінен медициналық қызметтерді жеткізуінің қызметін, сондай-ақ медицина қызметкерілерінің нұсқауларына немесе ұсынымдарына сәйкес өзін-өзі күту қызметтің қамтиды.

5 Клиникалық процесті пациенттің көзқарасы тұрғысынан үздіксіз медициналық көмек көрсету қамтамасыз етуге арналған процестің негізгі түрі.

6 Клиникалық процестер медициналық процестердің негізгі, орталық және аса маңызды түрі болып табылады.

7 Бірінші бастапқы деректер (пациенттің бастапқы денсаулық жағдайы) мен қайталама немесе қосалқы бастапқы деректер (клиникалық процесті орындау үшін тартылған ресурстар) арасында тиісті айырмашылықтар бар.

Осы ұғымның ассоциациясы 62-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 70-суретте көрсетілген.

62-кесте - Клиникалық процесс ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау			
медициналық процесс					
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы		...-ге ассоциация	
0..*	клиникалық процесс	қатысты		1..*	денсаулықтағы проблема
1..*	клиникалық процесс	қамтиды		1..*	медициналық көмек көрсету кезеңіне өкілеттілік
1	клиникалық процесс эпизоды	бұл уақытша аралық		1	клиникалық процесс
1	клиникалық процесс	қабылдайды		0..1	клиникалық процеске қызығушылық
0..*	клиникалық процестің нәтижесін бағалау	нәтижені бағалайды		1	клиникалық процесс
0..1	бастапқы контакт	белгілейді		1	клиникалық процесс



70-сурет - Клиникалық процесс (UML-ұсыну)

8.2.2 Медициналық көмек сапасын басқару

Термин: медициналық көмек сапасын басқару (*healthcare quality management*)

Синоним: клиникалық басқару

Анықтама: сапаға қатысты денсаулық сактау үйімін басқару және бақылау бойынша үйлестірілген қызмет.

Ескертпелер

1 *Клиникалық процестер медициналық көмектін сапасын басқаруга байланысты медициналық процестің аса маңызды түрі болып табылады.*


2 *Медициналық көмек сапасын басқару қызметі сапа саласындағы саясатты әзірлеуді, сапа саласындағы мақсаттарды қоюды, аудит жүргізуі, сапаны жақсарту үшін бағалау мен кері байланысты қамтиды, бұл сапаны қамтамасыз етуге экеледі*

Мысал - Медицина қызметкерлердің мінездүлкіндердің өзгеруі, сапа өлшемдері бойынша талаптардың орындалуын бағыттау және бақылау.

Осы ұғымның ассоциациясы 63-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 71-суретте көрсетілген.

63-кесте – Медициналық көмек сапасын басқару ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..1	медициналық көмек сапасын басқару	сапаны бақылайды	1..*	медициналық процестің
1	медициналық үйім	орындаиды	1..*	медициналық көмек сапасын басқару
1..*	медициналық процесс	кері байланысты қамтамасыз етеді	0..1	медициналық көмек сапасын басқару



71-сурет – Медициналық көмек сапасын басқару (UML-ұсыну)

8.2.3 Денсаулық сақтаудағы әкімшілік

Термин: денсаулық сақтаудағы әкімшілік (*healthcare administration*)

Анықтама: медициналық процеске байланысты әкімшілік қызмет

Ескертпе - Әкімшілік қызмет денсаулық сақтау процесінде жанама қызмет болып табылады және ол қолдау мен басқаруды қамтиды.

Мысал - Ресурстарды бюджеттеу және бөлу, үйимдастыру құрылымы, клиникалық емес құжаттар, әкімшілік қызметті басқару, ресурстарды басқару және т. б.

Осы ұғымның ассоциациясы 64-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 72-суретте көрсетілген.

64-кесте - Денсаулық сақтаудағы әкімшілік ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..1	денсаулық сақтаудағы әкімшілік	қолдайды	1..*	медициналық процесс



72-сурет - Денсаулық сақтаудағы әкімшілік (UML-ұсыну)

8.2.4 Қолайсыз оқиға

Термин: қолайсыз оқиға (*adverse event*)

Анықтама: Денсаулық сақтау процестеріне теріс әсер ететін әдейі жасалмаған оқиға

Ескертпелер

1 «Ятрогенез» немесе «ятрогения» қолайсыз оқиғалардың жиі себебі.

2 Қолайсыз оқиғалар тиісті медициналық іс-шаралар кезінде туындауы мүмкін.

3 Қолайсыз оқигалар денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.


Мысалдар

- 1 Ауруханада болған кезде жұқтырылған инфекция.
- 2 Препарат ұсыныстарға сәйкес пайдаланылуы мүмкін, бірақ дәрілік аллергия емдеуге дейін анықталмағандықтан аллергиялық реакцияны тудыруы мүмкін.
- 3 Медициналық қызметке байланысты жазатайым оқига қолайсыз оқига болуы мүмкін.
- 4 Дұрыс орындалған медициналық қызмет кезінде жазатайым оқига қолайсыз жағдай ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осы ұғымның ассоциациясы 65-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 73-суретте көрсетілген.

65-кесте - Қолайсыз оқига ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
әдейі ойластырылмаған жағдай			
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
0..*	қолайсыз оқига	әсер етеді	1..* медициналық процесс
1	қолайсыз оқига	талақ етеді	1 қолайсыз оқигаларды басқару



73-сурет - Қолайсыз жағдай (UML-ұсыну)

8.2.5 Қолайсыз оқигаларды басқару

Термин: қолайсыз оқигаларды басқару (*adverse event management*)


Анықтама: қолайсыз оқигаларга жауап ретінде орындалатын медициналық іс-шаралар кешені

Ескертпе - Қолайсыз оқиғаны басқару мақсаттары, әдетте, екеу: біреуі - кері әсер ету немесе қолайсыз оқиғаның салдарын азайту, екіншісі - болашақта қолайсыз оқиғаның алдын алу.

Осы ұғымның ассоциациясы 66-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 74-суретте көрсетілген

66-кесте - Қолайсыз жағдайларды басқару ассоциациясы

Компонент		Жыныстырылған ассоциация	
		1..*	медициналық қызмет
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
1	қолайсыз оқиға	талап ету	
		1	...-ге ассоциация қолайсыз оқиғаны басқару



74-сурет - Қолайсыз оқиғаны басқару (UML-ұсыну)

8.2.6 Медициналық қызмет

Термин: *медициналық қызмет* (*healthcare service*)

Анықтама: медициналық процестің нәтижесі болып табылатын қызмет

Ескертпе - Денсаулықтағы нақты проблеманы шешүгे арналған кешенді медициналық қызметтер клиникалық процестердің нәтижесі болып табылады.

Мысал - Диагностикалық зерттеу және нәтижелер туралы есеп.

Осы ұғымның ассоциациясы 67-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 75-суретте көрсетілген.

67-кесте - Медициналық қызмет ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..1	медициналық қызмет	нәтижесі болып табылады	1	медициналық процестің
1..*	медициналық қызмет	жазылады	1..*	медициналық қызметтер анықтамалығында
1	міндетті кезеңдік бойынша медициналық тексеруден өту	үәкілетті	1..*	медициналық қызметпен



75-сурет - Медициналық қызмет (UML-ұсыну)

8.2.7 Медициналық қызметтердің анықтамасы

Термин: медициналық қызметтердің анықтамасы (*healthcare service directory*)

Анықтама: бір немесе бірнеше медицина қызметкерлері ұсынатын медициналық қызметтер түрлерінің анықтамасы.

Осы ұфымның ассоциациясы 68-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұфымы 76-суретте көрсетілген.

68-кесте - Медициналық қызметтер анықтамасы ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
1..*	медициналық қызмет	тіркеледі	1..*	медициналық қызмет анықтамалығында




76-сурет - Медициналық қызметтер анықтамасы (UML-ұсыну)

9 Медициналық жоспарлаумен байланысты ұғымдар

9.1 Жалпы ұғымдар

Үздіксіз медициналық көмек көрсету қатысушыларына жататын ұғымдар арасындағы байланысты көрсететін модель 77-суретте көрсетілген. Диаграмманы бейнелеу бойынша анағұрлым нақты ақпарат «Кіріспе» белімінде (0.7-тармақты қараңыз) келтірілген.

КР СТ ISO 13940-2021



77-сурет — Медициналық жоспарлаумен байланысты ұғымдардың кешенді UML-диаграммасы

9.2 Медициналық көмек көрсету жоспары

Термин: *медициналық көмек көрсету жоспары (care plan)*

Синоним: медициналық жоспар

Ескірген термин: медициналық көмек көрсету программысы (programme of care)

Анықтама: Денсаулық сақтау саласында *сәйкестендірілген қажетті қызметті*, денсаулық сақтау процесінде бір немесе бірнеше нақты денсаулық проблемаларына қатысты денсаулық сақтау саласындағы мақсаттарды және денсаулық сақтау саласындағы міндеттерді қамтитын динамикалық, дербестендірілген жоспар.

Ескертпелер

1 Медициналық қызметтің кез келген түрі сияқты, оның ішінде медициналық қызметтерді көрсетуші жүзеге асыратын қызмет сияқты медициналық көмек көрсету жоспары бір және одан да көп медициналық мақсаттарды қарауга жіберілуі мүмкін.

2 Медициналық көмек көрсету жоспары әр түрлі тұрғыдан алуан шектеулермен белініуі мүмкін. Оның бір мысалы кәсіби емес медициналық көмек көрсету жоспары болып табылады, мысалы, тек бір нақты медицина қызметкерін шектейтін мейірбикелік медициналық көмек жоспары. Медициналық көмек көрсету жоспары үшін ерекшелік шектеулері бар басқа мысалдар: денсаулықтағы бір проблеманы шешу, денсаулықтың бір мәртебесі, бір контактіні, бір клиникалық процесс үшін медициналық көмек көрсету жоспары, бір медициналық қызметті жеткізуіші орындауы тиіс іс-шаралар және т. б. болып табылады.

3 Медициналық көмек көрсету жоспарлары денсаулық сақтау процесінде бірнеше рет қайта қаралады, әрбір шолу денсаулық сақтау қажеттілігін жаңа бағалауга негізделген.

4 Медициналық көмек көрсету жоспарындағы медициналық іс-шаралар өмірлік циклі ұстанады. Осындай өмірлік цикл мәртебелерінің мысалдары: «жоспарланған», «орындалды», «жойылды», және т. Б. болып табылады; бұл барлық мәртебелер медициналық көмек көрсету жоспарына енгізілген.

5 EN 13940-1:2007 медициналық көмек көрсету бағдарламасы осы ұғым үшін қолайлы термин болды.

Мысал - Терапевт дәрігер мен офтальмолог қатысатын және камерасы бар арнайы мобильді жабдықты (бейне ретиноскоп) білдіретін бейне ретиноскопия арқылы диабетпен ауыратын адамдарда ретинопатияны емдеу жоспары.

Осы ұғымның ассоциациясы 69-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 77-суретте көрсетілген.

69-кесте - Медициналық көмек көрсету жоспары ассоциациясы


КР СТ ISO 13940-2021

Мамандандыру		Жалпылау	
		медициналық көмек көрсетудің бір бейінді жоспары	
		медициналық көмек көрсетудің мульти-кәсіби жоспары	
Компонент		Жынтығы	
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	0..*	медициналық көмек көрсету жоспары
		1..*	медициналық қызмет
		0..*	медициналық іс-шаралар кешені
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	сәйкес келеді	0..* клиникалық басшылыққа
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	жүзеге асырады	0..* нұсқаулық
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	негізделген	0..* медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспарында
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	қатысты	1..* денсаулық проблемасы
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	қатысты	0..* денсаулық мәселесінің тізбегі
1..*	медициналық көмек көрсету жоспары	бағытталған	1..* денсаулық сақтау мақсаты
1..*	медициналық көмек көрсету жоспары	бағытталған	1..* денсаулық сақтау міндетін
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	нәтижесі болып табылады	1..* денсаулық сақтауды жоспарлау
1..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысушы	қолданады	0..* медициналық көмек көрсету жоспары

69 кестенің жалғасы

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
--------------------	---------------------	-------------------

0..*	медициналық процесс	жоспарланган	0..*	медициналық көмек көрсету жоспарында
0..*	қабылдау	тағайындалады	0..1	медициналық көмек көрсету жоспарында
0..*	денсаулық сақтау қызметін басқару	медициналық қызметтің мәртебесін өзгертерді	1	медициналық көмек көрсету жоспарында
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	тіркеледі	0..*	медициналық жазба



78-сурет - Медициналық көмек көрсету жоспары кешенді UML-диаграммасы

9.2.1 Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары

Термин: *бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары (uniprofessional care plan)*

Синоним: бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары

Ескірген термин: медициналық көмек көрсету жоспары (*care plan*)

Анықтама: медициналық көмек көрсету жоспары медицинадағы қызметке бірдей құқығы бар медицина қызметкерлері орындағайтын медициналық қызметтерді жеткізуі іс-әрекетінің түрлерімен шектеледі


Ескертпе - EN 13940-1:2007 емдеу жоспары осы ұғым үшін қолайлы термин болды.

Мысал - Мейірбикенің медициналық көмек көрсету жоспары.

Осы ұғымның ассоциациясы 70-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 79-суретте көрсетілген.

70-кесте – *Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары ассоциациясы*

Мамандандыру	Жалпылау
медициналық көмек көрсету жоспары	



79-сурет – *Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары (UML-ұсыну)*

9.2.2 Көп бейінді медициналық көмек көрсету жоспары


Термин: *көп бейінді медициналық көмек көрсету жоспары (multi-professional care plan)*

Синонимдер: көп бейінді медициналық жоспар, мультитәртіптік медициналық көмек көрсетүжоспары

Анықтама: медицинада әртүрлі қызмет құқығы бар медицина қызметкерлері жүзеге асыратын медицина қызметкерлерінің қызметін қамтитын медициналық көмек көрсету жоспары

Осы ұғымның ассоциациясы 71-кестеде көрсетілген; UML-ұсыну ұғымы 80-суретте көрсетілген.

71-кесте – Көп бейінді медициналық көмек көрсету жоспары ассоциациясы



80-сурет – Көп бейінді медициналық көмек көрсету жоспары (UML-ұсыну)

9.2.3 Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары

Термин: медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары (*core care plan*)

Синоним: медициналық көмек көрсетудің стандартталған жоспары

Анықтама: белгілі бір мән-жайлар жиынтығы үшін медициналық көмек көрсетудің әлеуетті жоспарын бірнеше рет қолданудың құрамы мен құрылымы

Ескертпелер

1 *Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары*, әдетте, клиникалық басшылықтардың біліміне негізделген (хаттамаларды қоса алғанда).


2 *Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспарлары* клиникалық процесті басқару әдісі ретінде медициналық көмек көрсетуді жоспарлауда қолданылуы мүмкін.

3 Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары денсаулық сақтау саласында ұсынылатын іс-шаралардың жетілдірілген әзірленген схемаларын қамтуы мүмкін.

Осы ұғымның ассоциациясы 72-кесте келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 81-суретте көрсетілген.

72-кесте - Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспарының ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..1	клиникалық хаттама	хабарлайды	1..*	медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары
1..*	медициналық ұйым	қабылдайды	0..*	медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	негізделген	0..*	медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспарында



81-сурет - Медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары (UML-ұсыну)

9.2.4 Клиникалық нұсқаулық

Термин: Клиникалық нұсқаулық (*clinical guideline*)

Синоним: медициналық көмек көрсету жөніндегі басшылық

Анықтама: белгілі бір клиникалық жағдайларда денсаулық мәселесіне сәйкес пациентке қатысты медициналық іс-шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдауда денсаулық сақтау тараттарына жәрдемдесу бойынша жүйелі әзірленген ережелер кешені.

Ескертпелер

1 Әдетте, клиникалық нұсқаулық өте жалпы және ішінана нақты пациентпен байланысты емес. Сенімді медициналық тәжірибеге қатысты ережелердің жалпы көрінісіне қарамастап, ол бірнеше егжей-тегжейлі ақпаратты қамтуы мүмкін.


2 Клиникалық нұсқаулық күрылымдалуы және өлшеу үшін стандартты өлшемдер мен көрсеткіштерді қамтуы тиіс.

Мысал – Гипертоникалық аурулар, қант диабеті, жүктілікті дамыту, кесар тілігі, қысым деңгейін бақылау, деңе жаттығулары бағдарламалары, оқытуда мүмкіндіктері шектеулі адамдарга арналған әлеуметтік араласу бағдарламалары жөніндегі клиникалық нұсқаулар.

Осы ұғымның ассоциациясы 73-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 81-суретте көрсетілген.

73-кесте - Клиникалық нұсқаулық ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау		
		нұсқаулық		
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..*	клиникалық нұсқаулық	шоғырланған	1..*	денсаулық проблемасына
0..*	клиникалық хаттама	жатады	1..*	клиникалық нұсқаулыққа
0..*	денсаулық сақтау жүйесіне қатысуышы	арқылы шешімдер қабылдайды	0..*	клиникалық нұсқаулыққа
0..*	медициналық жоспарлау	негізделген	0..*	клиникалық нұсқаулыққа
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	сәйкес келеді	0..*	клиникалық нұсқаулыққа



82 – сурет - Клиникалық басшылық (UML-ұсыну)

9.2.4.1 Хаттама

Термин: *хаттама (protocol)*

Анықтама: *жеке клиникалық хаттама*

Ескертпелер


- 1 Клиникалық нұсқаулыққа қарғанда хаттама нақтырақ болады.
- 2 Хаттама денсаулық сақтау жүйесіне қатысушыларының күтілетін мінез-құлқы мен рөлін есепке ала отырып, жеткілікті ресми түрде ұсынылған.

Мысал - Жедел жәрдем бөлімшесінде жүрек жеткіліксіздігіне арналған клиникалық хаттама, медициналық орталықта балаларда несеп инфекцияларын емдеу және кейіннен алдын алу үшін клиникалық хаттама.

Осы ұғымның ассоциациясы 74-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 83-суретте көрсетілген.

74-кесте - Хаттама ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
клиникалық нұсқаулық			
...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	жүзеге асырады	0..* хаттама



83-сурет - Хаттама (UML-ұсыну)

9.2.4.2 Клиникалық хаттама

Термин: *клиникалық хаттама*

Синонимдер: медициналық көмек көрсету жоспары, медициналық көмек көрсету схемасы

Анықтама: медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспарларының мазмұнын акпараттандыратын денсаулық сақтау саласындағы іс-шаралар үшін хаттама

Ескертпелер

1 Клиникалық хаттама ұғымы шағын типтерді қамтиды, мысалы, «біріктірілген медициналық көмек көрсету хаттамасы», «мультидисциплинарлы медициналық көмек көрсету хаттамасы», «бірлесе отырып медициналық көмек көрсету хаттамасы».

2 Клиникалық хаттамалар денсаулық сақтауды басқаруды және *медициналық ресурстарды басқаруды* қолдауға арналған. Олар пациентті (процедуралар, іс-шаралар және т.б.) жүргізуінде әрбір кезеңі үшін толық басшылық нұсқауларды қамтамасыз етеді.

Осы ұғымның ассоциациясы 75-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 84-суретте көрсетілген

75-кесте - Клиникалық хаттама ассоциациясы

...-ден ассоциация		Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..*	клиникалық хаттама	жатады	1..*	клиникалық нұсқаулыққа
0..1	клиникалық хаттама	хабарлайды	1..*	медициналық көмек көрсетудің негізгі жоспары
0..*	клиникалық хаттама	қатысты	1..*	денсаулық жағдайы
1..*	денсаулық жағдайы	Тандауды анықтау кезінде қолданылады	0..*	клиникалық хаттама



84-сурет - Клиникалық хаттама (UML-ұсыну)

9.2.5 Денсаулық сақтау мақсаты

Термин: *денсаулық сақтау мақсаты (health objective)*

Синоним: күтілетін нәтиже

Анықтама: денсаулық сақтау қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған *денсаулық сақтау процесіне* қажетті түпкілікті қол жеткізу

Ескертпе - *Денсаулық сақтау мақсаты* белгілі бір күн мен уақыт ішінде қол жеткізілуі тиіс бір немесе бірнеше мақсатты жағдай ретінде көрсетілуі мүмкін.

Мысалдар

- 1 Сүт безі қатерлі ісігінің скринингтік бағдарламасы бойынша сүт безі қатерлі ісігі бар пациенттің өмір сүру деңгейін арттыру.
- 2 Темекі шегуден бас тарту бағдарламасының шеңберінде темекі шегумен байланысты аурулармен сырқаттану және өлім-жітім тәуекелін темендету.
- 3 *Пациентте* қант диабетінің қайталама салдары қаупін азайту

Осы ұғымның ассоциациясы 76-кестеде көлтірілген; UML-ұсыну ұғымы 85-суретте көрсетілген.

76-кесте - *Денсаулық сақтау мақсаты* ассоциациясы

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация	
0..*	денсаулық сақтау мақсаты	катьсты	1..*
1..*	денсаулық сақтау міндеттері	қол жеткізуге ықпал етеді	1..*
0..*	нысаналы жағдайы	ұсынады	0..*
1..*	медициналық көмек көрсету жоспары	бағытталған	1..*



85-сурет - *Денсаулық сақтау мақсаты (UML-ұсыну)*

9.2.6 Денсаулық сақтау міндеттері

Термин: *денсаулық сақтау міндеттері (healthcare goal)*

Анықтама: медициналық көмек көрсету бағдарламасында анықталған қажетті нәтижеге қолжеткізу

Ескертпе - *Денсаулық сақтау мақсаты* белгілі бір күн мен уақыт ішінде қол жеткізілуі тиіс бір немесе бірнеше мақсатты жағдай ретінде көрсетілуі мүмкін.

Мысалдар

1 Артериялық гипертензияны емдеу бағдарламасының аясында *пациенттердің емделуге бейімділігін арттыру*. Пациенттің систолалық және диастолалық қысымын гипертониялық ауру бағдарламасында тұрақтандыру.

5 Диабетиктерге арналған білім беру бағдарламасының көмегімен пациенттердің өз ауруы туралы білім деңгейін арттыру.

Осы ұғымның ассоциациясы 77-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 86-суретте көрсетілген.

77-кесте - *Денсаулық сақтау міндеттері* ассоциациясы

...-ден ассоциация	Ассоциацияның атауы	...-ге ассоциация
1..* денсаулық сақтау міндеті	қол жеткізуге көмектеседі	1..* денсаулық сақтау мақсатын
1..* медициналық қызметі	бағытталған	1..* денсаулық сақтау міндетін
1..* медициналық көмек көрсету жоспары	бағытталған	1..* денсаулық сақтау міндетін
0..* нысаналы жағдайы	ұсынады	0..* денсаулық сақтау міндетін
0..* медициналық тәсіл	қатысты	1 денсаулық сақтау міндетін



86-сурет - Денсаулық сақтау міндеті (UML-ұсыну)

9.2.7 Медициналық қызметтер кешені

Термин: медициналық қызметтер кешені (*healthcare activities bundle*)

Анықтама: медициналық іс-шаралар жиынтығы

Ескертпе - Медициналық іс-шараларды қамтитын денсаулық мәселесі тізбегін пайдалана отырып, айқындалуы мүмкін медициналық қызметтер кешені.

Мысал - жоспарлы хирургиялық операция уақытында және одан кейін, осы операцияға байланысты көрсетілетін барлық медициналық қызмет.

Осы ұғымның ассоциациясы 78-кестеде келтірілген; UML-ұсыну ұғымы 87-суретте көрсетілген.

78-кесте – Медициналық қызметтер кешенінің ассоциациясы

Мамандандыру		Жалпылау	
		қажетті медициналық қызмет	
Компонент		Жиынтығы	
0..*	медициналық қызметтер кешені	0..*	медициналық іс-шаралар кешені
0..*	медициналық көмек көрсету жоспары	1..*	медициналық қызмет



87-сурет - Медициналық іс-шаралар кешені (UML-ұсыну)

9.2.8 Қажетті медициналық қызмет

Термин: қажетті медициналық қызмет (*needed healthcare activity*)

Синоним: медициналық көмек көрсете бойынша қажетті қызмет, медициналық қажеттілік, медициналық көмек көрсете қажеттілігі

Анықтама: *денсаулықта көрсетілген проблеманы шешу үшін қажеттілігіне қарай бағаланатын медициналық іс-шараларды қамтитын медициналық іс-шаралар кешені*

Ескертпелер

1 Қажетті медициналық қызмет - бұл медицина қызметкерлерінің денсаулыққа деген уәжді/көрсетілген қажеттілігі ретінде бағалайтын *медициналық қызмет*.


2 Қажетті медициналық қызмет медицина қызметкерлері орындайтын денсаулық сақтау саласындағы қажеттілікті бағалау нәтижесі болып табылады. Қажетті медициналық қызметті пациент үшін медициналық қажеттіліктерді бағалауды орындайтын кез келген үәкілетті медицина қызметкері анықтай алады.

